салдарынан ауыл шаруашылығы саласымен айналысатын ауыл шаруашылығы кәсіпорындары өндірісте шығындарды тиімсіз жұмсап, көп жағдайда материалдық шығынға ұшырап отырады. Сондықтан, ауыл шаруашылығымен айналысатын кәсіпорындарда кез-келген уақыт мерзімінде және технологиялық процестің әрбір сатысында өндіріс шығындарының тиімді әрі үнемді жұмсалуын бақылауды қамтамасыз ететін және соның негізінде қажетті жедел шешім қабылдауға мүмкіндік беретін ішкі өндірістік есепті қайтадан жандандырудың қажеттілігі туындап отыр.

Ауыл шаруашылығы өндірісін тиімді жүргізу үшін және оның рентабельділігін жоғарылату мақсатында шығындарды жедел талдап, бақылап және өндірістік тапсырауылардың орындалуын қадағалап отыру қажет.

Ауыл шаруашылығында еңбек және материалдық шығындардың жұмсалуына кешенді бақылау жүйесін орнату үшін өндіріс шығындарын әрбір технологиялық процестер (ауылды азықтандыру, ұрықтандыру, төл алу, жүн қырқу, қозыларды анасынан айыру және т.б.) бойынша есептерді қатаң көрсетудің қажеттілігі туындайды. Бұл процестер шығындар есебінің объектісі болып саналуы қажет.

Сонымен бірге, ауыл шаруашылығында шығындардың басқарушылық есебінің тиімділігіне саланың технологиялық ерекшелігімен қатар, шаруашылықты ұйымдастырудың сипаты да әсер етеді. Атап айтатын болсақ, шаруашылық ішіндегі еңбекті ұйымдастыру нысандары, ішкі есеп айырысу форауылары, субъектінің ұйымдық-құқықтық нысаны және т.б. Бұл ерекшеліктер тек өндіріс процесін жедел басқарумен байланысты емес, сонымен бірге осы саладағы әрбір тұлғаның материалдық жауаптылығын, өнім сапалылығын жоғарылату-

дағы жауапкершілігін де жоғарылатуға мүдделі болуымен байланысты.

Сондықтан, біз жүргізілген зерттеулердің нәтижесінде ауыл шаруашылығы өндірісімен айналысатын ұйымдарда бухгалтерлік-басқарушылық есеп төмендегідей талаптарға жауап беруі қажет деп санаймыз:

- өндіріс процесінің технологиялық ерекшелігіне байланысты өндіріске жұмсалынатын негізгі және үстеме шығындар міндетті түрде норауылануы қажет және есепті мерзімнің соңында нақты шығындар нормамен салыстырылып, ауытқу есебі бөлек жүргізілуі қажет;

- өндіріске жұмсалынған шығын мөлшері мен алынған өнім көлемін дер кезінде және толық есепті көрсетуі тиіс;

- құрылымдық бөлімшелерге қызмет көрсеткен басқа құрылымдардың (бөлімдердің) қызметі дер кезінде есепке алынуы тиіс;

- құрылымдық бөлімшелерде өндіріс құралдарының, еңбек ақы қорының дұрыс пайдалануын, жемшөп және басқа да материалдық ресурстардың мөлшерге сәйкесті жұмсалуын жедел бақылауды қамтамасыз етуі қажет [4].

Ауыл шаруашылығы саласының ерекшелігі өндіріс шығындарын олардың элементтеріне қарай жедел бақылауды, талдауды және нормадан ауытқуларды дер кезінде анықтауды, өнімнің өзіндік құн құрылымын нақты жоспарлау үшін өндіріс шығындары есебін дұрыс жүргізуге аса қатаң талаптар қоюды қажет етеді. Сондықтан, ауыл шаруашылығында өндіріс шығындары есебі мен өзіндік құнды калькуляциялауда таңдап алынған әдіс басқарудың ұстанымына (шығын-өндіріс-пайда) және ауыл шаруашылығы саласының ерекше сипатына толықтай жауап беруге тиісті деп санаймыз. Дегенмен де, бұл мәселеге қазіргі ғылым мен есеп тәжірибесінде аса көңіл бөлінбеген.



Қолданылған әдебиет:

- 1 ҚР-ң «Бухгалтерлік есеп пен Қаржылық есептілік туралы» 2007 жылғы 28.02 № 234-ІІІ Заңы.
- 2 Қазақстан Республикасының Салықтық кодексі. – Алматы: LEM, 2005 ж. – 312 б.
- 3 Қазақстан Республикасының Азаматтық кодекс: (Жалпы және ерекше бөлімдері) – Алматы: Юрист, 2002 ж. – 367 б.
- 4 Назарова В.Л. Бухгалтерский учет в отраслях. – Алматы: ТОО Изд Экономика, 2014.

Резюме

ПРОБЛЕМЫ ОРГАНИЗАЦИИ БУХГАЛТЕРСКОГО УЧЕТА В СЕЛЬСКОМ ХОЗЯЙСТВЕ

Е.А. Асылбаев

*Магистр экономических наук, и.о. доцента
Алматинская академия экономики и статистики
г. Алматы, Казахстан
e-mail: erkebulan.asylbaev@mail.ru*

Статья посвящена проблемам организации бухгалтерского учета в сельском хозяйстве. Несмотря на достигнутые успехи в реформировании отрасли бухгалтерского учета, автор подчеркивает, что результаты исследования и анализа практики бухгалтерского учета в организациях сельского хозяйства показывают наличие все еще сложных проблем. В статье придается значение этим проблемам, а также роли управленческого учета.

Ключевые слова: сельское хозяйство, бухгалтерский учет, управленческий учет, требования управленческого учета.

Summary

PROBLEMS OF THE ORGANIZATION OF ACCOUNTING IN AGRICULTURE

E.A. Asylbayev

*Master of economic sciences, acting associate professor
Almaty academy of economy and statistics
Almaty, Kazakhstan
e-mail: erkebulan.asylbaev@mail.ru*

Article is devoted to problem of the organization of accounting in agriculture. The author emphasizes that results of research and the analysis of practice of accounting in the organizations of agriculture show existence of still complex problems. In article these problems, and also a role of management accounting are considered.

Keywords: agriculture, accounting, management accounting, requirements of management accounting.



УДК 657

ІШКІ АУДИТТИ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Ж.Ә. Әлайдар

*экономика ғылымының кандидаты
Алматы экономика және статистика академиясы
Алматы қ., Қазақстан*

Г.С. Серикбаева

*магистрант
Алматы экономика және статистика академиясы
Алматы қ., Қазақстан
e-mail: newgulnur@mail.ru*

Аңдатпа

Түпкі мақсаттары көбінесе сәйкес келгенмен аудиттің екі түрі болады. Мақалада авторлар сыртқы және ішкі аудиттің негізгі міндеттеріне, өзгешеліктеріне тоқталған. Сыртқы және ішкі аудиттің өзара байланысы, заңнамалық негіздері қарастырылған. Мақала соңында ішкі аудиттің тәуелсіздігіне қол жеткізу белгілі шарттарды орындауға байланысты екендігіне назар аударылған. Авторлар кәсіпорынның басқармалық қызметінің тиімділігін бақылау ішкі аудиттің ең маңызды міндеті екендігін атап көрсеткен.

***Түйінді сөздер:** сыртқы аудит, ішкі аудит, сыртқы аудиттің халықаралық стандарттары, ішкі аудиттің тәуелсіздігі.*

Аудиторлық қызмет тәуелсіз аудиторлар немесе аудиторлық ұйымдар жүргізілетін сыртқы аудит түрінде, сонымен қатар қызметі аудиторлық бақылауға алынатын ұйымның мамандандырылған бөлімшесі жүргізетін ішкі аудит түрінде жүзеге асырылады.

Аудиттің екі түрінің де жалпы түпкі мақсаттары көбінесе сәйкес келеді – ол бақылау.

Сыртқы аудиттің негізгі міндеті – тексеру жүргізілген ұйымның дайындап тапсырған қаржылық қорытынды есебінің шындыққа сәйкестігін анықтау, оның белгілі бір кезеңдегі қызметінің нәтижесін және қаржылық жағдайын бағалау. Сыртқы аудит кезең сайын сырттан шақырылатын аудиторлар немесе әртүрлі аудиторлық ұйымдар арқылы жүзеге асырылады. Аудиторлық қорытынды есеп негізінен жоғары тұрған ұйымдарға, акционерлерге, кредиторларға және тағы басқаларға арналған. Бұл қорытынды есепті ішкі аудиторлар да өз жұмысында қолданады.

Ішкі аудитті сыртқы аудитпен салыстырғанда табиғаты, мән-мағы-

насы, тағайындалуы мен ұйымдастырылуы өзгеше болып келеді. Ең алдымен ескертілетіні, ішкі аудит қызметі (немесе, оны кейде ішкі ревизия қызметі, ішкі бақылау қызметі деп те атайды) ұйым ішінде құрылған бөлімше бола отырып, оның қызметін бағалау және тексеру бойынша жүйелі әрі күнделікті, жұмысты атқарады.

Ішкі аудиттің басты міндеті – басқару мақсатына қол жеткізуді қамтамасыз ету. Бұл үшін ішкі аудит кәсіпорын басшылығын дұрыс басқару шешімдерін қабылдау үшін жасалған талдаудың нәтижелерімен, белгілі бір бөлімшенің қызметіне баға беру мен, ұсынстармен және уақытылы дұрыс ақпаратпен қамтамасыз етеді.

Ішкі аудит – кәсіпорынға қызмет көрсету аясында жүргізілетін ішкі бақылау жүйесін талдау үшін менеджмент арқылы анықталатын қызмет. Ішкі аудиттің көмегімен бақылау және талдау іске асырылады, сонымен қатар жүйелерді жақсартуға, жетілдіруге ұсыныстар беріледі.

Оларға қызметтердің мынадай түрлері тән:



1. Қаржылық және операциялық ақпараттарды тексеру. Бұл сыртқы аудитордың жұмысымен сәйкес келетін үнемі жалғасатын процесс.

2. Операциялардың үнемділігін, тиімділігін талдау, оның ішінде қаржылық емес бақылау да бар. Кейде оны «ақша құнының» аудиті деп те атайды.

3. Заңдар мен ережелер, менеджменттің әртүрлі сыртқы талаптары мен саясатына және басқа да ішкі талаптарға сәйкестікті талдау.

Бұл үшін:

а) активтердің қабылдануы мен есептен шығарылуының заңды болғанына және осы активтердің тиімді түрде пайдаланылуы мен сақталуы қамтамасыз етілгеніне көз жеткізу керек. Ішкі аудитор активтердің менеджменттің рұқсатына сәйкес алынуы мен сатып-өткізілуіне ғана емес, сонымен бірге кәсіпорынға тиіселі активтердің сақталуы қамтамасыз етеліп жатқандығына сенімді болуы керек. Мысалы, өндірістік қалдықтардың көлемі кішірейіп, қажетсіз материалдар мүмкін болғанша қайта өңделіп, өткізіліп жатыр;

ә) міндеттердің ұйымның тек құқықтық операцияларына ғана қатысы бар екендігін растау.

Ішкі аудит қызметі орташа және ірі кәсіпорындарда құрылады. Кейбір жағдайларда қызметтің осындай түрін құру заңмен қарастырылады. Яғни, «Акционерлік қоғамдар туралы» заңының 5-тармағының 33-бабында ұлттық акционерлік қоғамдарда ішкі аудит қызметінің міндетті түрде бар болуы керектігі қарастырылған.

Ішкі аудит қызметінің жұмысы кәсіпорынның жоғарғы басшылығы бекіткен «Ереже» деп аталатын фирмаішілік актінің шеңберінде біліктілік, өз бетінше жұмысын іске асыра алушылық және жауапкершілік қағидаларының негізінде құрылады.

610 «Ішкі аудит қызметінің жұмысын қарастыру» деп аталатын ХАС-да былай делінген: Ішкі аудит оның қызметтерінің бірі ретінде су-

бъект ішінде жұмысты бағалау бойынша құрылған қызмет болып табылады. Басқа да мәселелермен қоса оның атқаратын қызметтерінің құрамына ішкі бақылау және бухгалтерлік есеп жүйесінің бірдейлігіне, тиімділігіне және дұрыстығына мониторинг, тексеру, жүргізу баға беру кіреді.

610 «Ішкі аудит қызметінің жұмысын қарастыру» деп аталатын ХАС-ы ерекше қызықты, өйткені ол аудитті қабылдаудың әртүрлі жақтарын ұсынады.

Қазіргі кезде ішкі аудиторлардың өзінің айналысатын қызметін бухгалтерлік есеп саласы ретінде емес, «өзінің бет бейнесі бар» күрделі қызмет ретінде тану тенденциясы байқалуда. Өзінің жұмыс көлемі оларға үлкен болып көрінетіндіктен, олар өз кезегінде аудиторлық жұмыспен байланысты қызметпен қатар басқа да әртүрлі қызметпен айналысады.

Ішкі және сыртқы аудиттің мақсаттарының әр түрлілігіне қарамастан, оларға жету жолдары көп жағдайда ұқсас келеді. Ішкі аудитордың жұмысы сыртқы аудиторлық процедуралардың мерзімі мен дәрежесіне, сипатына өзгерістер енгізу үшін қолданылуы мүмкін. Әрине, сыртқы аудитор өзінің аудиторлық пікірі үшін толық жауапкершілікті ішкі аудиторда сондай дәрежедегі тәуелсіздік бола алмайтындықтан ғана мойындамайды.

«Ішкі аудитордың тәуелсіздігі сыртқы аудитордың тәуелсіздігінен өзгеше болып келеді. Ішкі аудитордың тәуелсіздігі олардың ұйым ішіндегі беделімен, яғни атқаратын қызметімен және бағынуымен, сонымен қатар әділеттілігімен анықталады. Сыртқы аудитор үшін тәуелсіз клиент-фирманың, оның басшалығы мен иелерінің алдында қандайда бір міндеттемелердің немесе оларға бағытталған қаржылық қызығушылықтың жоқтығымен анықталады» [1].

Аудиттің халықаралық стандарттары сыртқы аудиторлардың ауди-



торлық қызметті жүзеге асырудың тиімді тәсілін жоспарлауға және жауапқа көмектесуді жүзеге асыру үшін, сонымен қатар ішкі аудитордың жұмысына сүйенудің керектігін және мүмкіндігін анықтау үшін аудиттің атқаратын қызметтерін жеткілікті дәрежеде біліп-түсінуді талап етеді. Мұндай бағалау кез-келген жағдайда аудиторлық тәуекелділікке және бақылаудың жалпы саясатына аудитордың беретін бағасына ықпал етеді. Ол төмендегі факторларды ескеруі қажет.

1. Ішкі аудиттің ұйымдастырушылық статусы. Аудитордың жоғарғы басшылыққа кіре алу, кез-келген операциялық жауапкершіліктен еркін болу, сонымен қатар сыртқы аудитормен емін-еркін түрде қатынас орнату алу мүмкіндігі болуы керек.

2. Ішкі аудиттің атқаратын қызметтерінің масштабы және менеджмент ішкі аудитордың ұсыныстарын орындай ма.

3. Кәсіби мамандану дәрежесі мен тәжірибе аспектісіндегі ішкі аудитордың техникалық біліктілігі – дайындау мен жалдау саясатының бірдейлігі.

4. Кәсіби мұқияттылық: құжаттар және жұмыс бағдарламасы, аудит бойынша тиісті басқарма растай алатындай ішкі аудитордың жұмысы жоспарланған, талданған және құжаттарда көрсетілген деп қорытынды жасауға бола ма.

Сыртқы аудитор құжаттарда өзінің ішкі аудитке берген бағасын көрсетіп, жыл сайын оларды қайта қарастырып отыруы керек.

Бұдан басқа, ол ішкі аудиттің атқаратын қызметтерінің маңызды кемшіліктерін анықтағаны туралы менеджментке жазбаша түрде ақпарат беріп отыруға тиісті.

Ішкі аудитордың жұмысына сүйенуге болатын салаларда масштаб, тексеру деңгейі, таңдау әдісі, құжаттау, есептілік процедуралары мен оны қарап шығуы бойынша алдын-ала келісіп алу қажет. Ішкі және сыртқы аудиторлар қызмет

процесінде бір-бірінің жұмысына әсерін тигізетін фактілер туралы бір-біріне ақпарат беріп отыру үшін үнемі қатынасып отыруы керек.

Егер сыртқы аудитор ішкі аудитордың жұмысына сенімді болса, онда оған келесі процедураларды орындау қажет.

• Қарастыру керек:

- тексерілуге тиісті баптардың, сонымен қатар ішкі аудиттен алуға болатын ақпараттардың маңыздылығын; аудиторлық дәлелдеулердің толық жеткіліктілігін;

- тексерілуге жататын салалардағы болмай қалуы мүмкін емес аудиторлық тәуелділіктің, немесе алынуы қажет ақпараттың деңгейін;

- талап етілген пікір білдіру деңгейін;

- аудиторлық дәлелдеулердің толық жеткіліктілігін;

- аудиторлық қызметтерге тән кәсіби тәжірибені.

• Келесідей мақсатпен ішкі аудитордың жұмысын тесеру және бағалау:

- олар жұмысты профессионалды түрде және дайындықтың тиісті деңгейі бойынша орындалды ма, және де көмекшілердің жұмысы міндетті түрде бақыланады ма;

- жасалған қорытындыларды растау үшін жеткілікті деңгейде тиісті дәлелдеулер жиналады ма;

- бірдей қорытындылар жасайды ма, қорытынды есеп оларға сәйкес келе ме;

- ерекше жағдайлар мен өзгешеліктер қарастырылады ма;

Ішкі бақылау процедураларына, сонымен қатар ішкі аудиттің процедураларын қайта жүргізуге бақылау орнату қажеттігі туындауы мүмкін. Сыртқы аудитордың сенімділік дәрежесі құжаттарда көрсетілуі керек.

Ішкі аудит кезінде орындалатын міндеттер әртүрлі және оның мақсаттарына, тексеру жүргізіліп жатқан ұйымның түрі мен оның қызметінің сипатына байланысты болады. Мемлекеттік ұйымдардың, коммерциялық банктердің, сақтан-



дыру компанияларының және зейнетақы қорларының аудиті өзіндік ерекшелікке ие. Бұдан өзге, көптеген мәселелерді әртүрлі тәсілдермен, әртүрлі тереңдікке, егжей-тегжейлігі және әр түрліәртүрлі критерийлерге сүйене отырып шешуге болады. Осыған байланысты аудиторлық қызметті регламенттеу мәселесі туындайды. Мәселе тиісті ережелер мен стандарттарды, сонымен қатар аудит жүргізудің нақты әдістемелерін жасаудың көмегімен шешіледі[2].

Дамыған елдерде аудит мәселелеріне, әсіресе ішкі аудит мәселелеріне көп көңіл бөлінеді. Құрамына он шақты елдер, оның ішінде АҚШ, Жапония және Англия кіретін бақылаудың жоғарғы институттарының халақаралық ұйымы (The International Organization of Supreme Audit Institutions, INTOSAI) бар. Ішкі аудиторлар институты да (The Institution of Auditors, A) халақаралық болып табылады. Бұл бағытта үкіметтік ұйымдардың арнайы бөлімшелері де жұмыс істейді. Мысалы, АҚШ-та Ішкі аудиторлар институты 1941 жылы құрылған. Ол «ант беруші ішкі аудитор» атағына ие болып, кәсіптік стандарттарды жасайды және тәжірибиелі жұмыскердің білімінің жалпы көлемін анықтайды.

Жоғарыда аталған және басқа да ұқсас шетелдік ұйымдардың әрқайсысында аудиттің тиісті стандарттарын шығаруға жауапты бөлімше бар.

Ресейде Президент жанындағы Аудиторлық қызмет жөніндегі комиссия мақұлдап-бекіткен ішкі аудиттің стандарты жасалған.

Ішкі аудиттің халықаралық тәжірибесінде тиісті институттар кәсіпкерлік стандарттарды жасап шығаруда.

Стандарттардың мақсаты:

- ішкі аудит тәжірибиесінің негізгі принциптерін белгілеу;
- ішкі аудит саласында қызмет көрсетудің кең шеңберінің негізгі болатын концептуалдық базаны анықтау;
- ішкі аудиттің қызметін бағалау үшін негіз құру;

• ұйым ішіндегі процесстер мен жүйелердің жетілдірілуіне жағдай жасау.

Осылайша, теория мен тәжірибе негізінде ішкі аудитті шаруашылық жүргізуші субъектіде оның меншік иелерінің мүддесін қорғау үшін ұйымдастырылатын және ішкі құжаттармен белгіленетін бақылау жүйесі ретінде қарастыруға болады. Ішкі аудитті экономикалық субъект буындары қызметінің тиімділігін бақылау тәсілдерінің бірі, бухгалтерлік есеп және ішкі бақылау жүйесінің сенімділігін бағалау құралы, – деп есептеуге болады. Басқарудың бір функциясы бола отырып, ішкі аудит басқарушылық шешімдер қабылдауда онымен тығыз байланыста болады.

Ішкі аудит ұйым қызметінің барлық негізгі функционалдық бағыттарын тексеруді қамтиды. Осы тұрғыдан алғанда оның зерттеу пәні негізінен қаржылық есепті растау қызметін атқаратын сыртқы аудит шеңберінен кең болып табылады.

Нарықтық жағдайда кәсіпорынды басқарудың және оның құрамдас бөлігі – ішкі аудиттің тиімді жүйесін құру қажет. Бұл үшін басқарудың әлемдік теорияларының интеграциялық әсері жағымды жағдай болып табылады. Шаруашылық жүргізудің жаңа жүйесі ішкі аудиттің жаңа концепциясын ендіруді талап етеді. 2002 жылдан бастап Қазақстан сыртқы аудиттің халықаралық стандарттарына өтті. Осыған байланысты ішкі аудитті дамыту және оны әрбір кәсіпорынның есеп жүргізу саясатында қарастыру өзекті мәселе болып табылады.

Басқару белгілі бір жүйеде жүргізілетін үздіксіз процесс. Ауытқулар мөлшерін төмендету үшін басқарудың ғылыми деңгейін жоғарылату керек. Бұл жағдайда есеп және ішкі аудит қызметі беретін ақпараттық қамсыздандыру елеулі рөл атқарады. Есеп жүргізу мен талдау қызметінен ішкі аудиттің айырмашылығы – оның заңсыз операцияларының, тиімсіз операцияларының,



жобалардың шешімдерін қабылдау кезеңінде алдын алу мүмкіндігінде.

Басқарудың дербес функциясы ретінде аудит басқарудың есеп жүргізу, талдау, жоспарлау сияқты функцияларымен әрекеттесіп, олардың тиімділігіне белсенді әсер етеді.

Басқару қызметінің түрлерін қарастыра отырып, өндірістік, маркетингтік және қаржылық қызметтерді кәсіпорын қызметімен бір қатарға қояды.

Басқару тиімділігін жоғарлату үшін оның барлық функциялары қызметінің тиімділігіне қол жеткізу керек: жоспарлау, ұйымдастыру, есеп жүргізу, талдау және ішкі аудит.

Аудит функциясын бақылау мәселесін ерекше атап өту қажет. Біздің пікірімізше, ішкі аудитті басқару функциясы ретінде қарастыру керек. Ішкі аудитті жоспарлау, бағдарлама жасау, тексеру жүргізу, нәтижелерді жинақтау сияқты көптеген элементтер мен компоненттерден (кұрауыштардан) тұратын күрделі жүйе.

Өндірістік-шаруашылық, ұйымдастырушылық, маркетингтік т.б. қызметтер кәсіпорынның көптеген бөлімдерінде бір мезгілде жүзеге асырылатындықтан, басқарудың барлық функциялары мен элементтері үйлесім тауып отырады. Ішкі аудит функциясын жүзеге асыру күрделілігі осында, себебі ол барлық процестердің нақты шекарасы мен өзара байланысын анықтауға мүмкіндік бере алмайды. Ішкі аудит басқарушылық қызмет элементі ретінде бухгалтерлік есеп беретін ақпараттық жүйені қажет етеді. Кейбір авторлардың ішкі аудитті есептің құрамдас бөлігі ретінде қарастыратындығы осыған байланысты болса керек[3].

«Ішкі аудит бөліміндегі қойылған мақсаттарға жету үшін кәсіпорын белгіленген принциптерді қолдану керек. Бұл принциптерге:

тәуелсіздік, объективтік, құпиялық, кәсіби біліктілік жатады».

Бұл принциптердің барлығын сыртқы аудит толығымен пайдаланады, ал оларды ішкі аудитке қолданудың бірқатар ерекшеліктері бар. Егер де кәсіби біліктілік және құпиялық принциптерін қолдану аудиторға байланысты болса, тәуелсіздік және объективтік принциптерін жүзеге асыру, бірқатар шешімдер мен қосымша құқықтық міндеттерді бөліп, тиянақтап қабылдауын және орындауын талап етеді.

Ішкі аудиттің тәуелсіздігіне қол жеткізу белгілі шарттарды орындауға байланысты. Атап айтқанда:

а) ішкі аудит қызметінің статусын анықтау барысында, оларды басқару кеңесінің директорына, тікелей меншік иесіне немесе жалпы акционерлер жиналысына, бағындыру қажет.

ә) аудиторлық тексеру нәтижелері мен есеп берулер, тікелей тәуелді болатын органға тапсырылады және қызмет барысында олардың жұмыс деңгейін бағалайды;

б) ішкі аудит стандарттары кәсіпорын бойынша арнайы бұйрықпен бекітілуі қажет.

в) ішкі аудит қызметінің ерекшеліктеріне байланысты жұмысқа қабылдаудың заң бойынша жүзеге асырылуы;

г) ішкі аудит үшін қаржылық марапаттау қорын құру.

Кәсіпорынның басқармалық қызметінің тиімділігін бақылау ішкі аудиттің ең маңызды міндеті болып табылады.

Бастапқы аудиттің сапалы жүргізілуі басқару объектілерінің қызметіндегі заң талаптарын бұзу, ауытқулар жөнінде ақпарат жинауға мүмкіндік береді. Осы мәліметтерді топтастыру және талдау нәтижесінде аудиторлық қызмет осы фактілердің алдын алу, жою бойынша тиісті шешімдер қабылдайды.



Қолданылған әдебиет:

- 1 Әжібаева З.Н., Байболтаева Н.Ә., Жұмағалиева Ж.Ф. Аудит. Оқулық. – Алматы: Экономика, 2006.
- 2 Әбленов Д.О. Аудит негіздері. Оқу құралы. – Алматы: Экономика, 2007.
- 3 Абленов Д.О. Қаржылық бақылау және басқарушылық аудит: теориясы, әдіснамасы, тәжірибесі. Оқу құралы. – Алматы: Экономика, 2007.

Резюме

ОРГАНИЗАЦИЯ ВНУТРЕННЕГО АУДИТА

Ж.А. Алайдар

кандидат экономических наук

Алматинская академия экономики и статистики

г. Алматы, Казахстан

Г.С. Серикбаева

магистрант

Алматинская академия экономики и статистики

г. Алматы, Казахстан

e-mail: newgulnur@mail.ru

Несмотря на общность конечной цели различают два вида аудита. В статье авторы выделяют основные задачи, особенности внутреннего и внешнего аудита. Рассмотрены законодательные основы внутреннего и внешнего аудита. В заключении обращено внимание на необходимость соблюдения определенных условий для достижения независимости внутреннего аудита. Авторы отмечают, что наиболее важной задачей внутреннего аудита является контроль за эффективностью управленческой деятельностью предприятия.

Ключевые слова: *внешний аудит, внутренний аудит, международные стандарты внешнего аудита, независимость внутреннего аудита.*

Summary

ORGANIZATION OF INTERNAL AUDIT

Zh.A. Alaydar

Candidate of Economic Sciences

Almaty academy of economy and statistics

Almaty, Kazakhstan

G.S. Serikbayeva

undergraduate

Almaty academy of economy and statistics

Almaty, Kazakhstan

e-mail: newgulnur@mail.ru

Despite a community of an ultimate goal distinguish two types of audit. In article authors allocate the main objectives, features of internal and external audit.

Authors analyze interrelation of internal and external audit, address to their legislative bases. In the conclusion the attention to need of observance of certain conditions for achievement of independence of internal audit is paid. Authors note that the most important problem of internal audit is control of efficiency administrative activity of the enterprise.

Keywords: *external audit, internal audit, international standards of external audit, independence of internal audit.*



УДК 338.001.36
**МЕЖДУНАРОДНЫЙ ОПЫТ ОРГАНИЗАЦИИ
УЧЕТА АРЕНДНЫХ ОТНОШЕНИЙ**

С.Ж.Баймолдина
магистрант

Алматинская академия экономики и статистики
г. Алматы, Казахстан
e-mail: sbaimoldina@mail.ru

Аннотация

Статья посвящена вопросам международного опыта организации учета арендных отношений. Автор обращает внимание на то, что в экономически развитых странах не существует принципиального различия операций аренды и лизинга. В статье рассмотрены особенности финансовой аренды и различие видов такой аренды. Автор отмечает, что изучение международной практики развития учета лизинговой деятельности показывает о наиболее полном представлении бухгалтерского законодательства в области лизинга в Великобритании и США. Подчеркивается, что методологические принципы формирования в бухгалтерском учете информации об аренде и ее раскрытии в финансовой отчетности определяет МСФО.

Ключевые слова: аренда, арендные отношения, международный опыт, лизинг, классификация аренды, МСФО (IAS) 17.

Аренда является косвенной формой финансирования деятельности и применяется в том случае, когда организация не желает приобретать данный вид основных средств или не имеет финансовых возможностей сделать это. Аренда (*lease*) – это приглашение, посредством которого арендодатель, т.е. собственник имущества, передает арендатору право использовать его в течение оговоренного срока и за согласованную между сторонами величину арендной платы [1].

Аренда как способ финансирования появилась в середине XX века. В начале XIX века в Великобритании, а затем и в США произошло увеличение производства разнообразных видов оборудования, что повлекло рост его доли, сдаваемой в различные формы аренды [2].

В экономически развитых странах не существует принципиального различия операций аренды и лизинга. Характеризуя операцию по предоставлению некоторого актива во временное владение и пользование, речь идет об аренде. Английский

термин «*lease*», суть которого на Западе состоит в идентификации аренды вообще, в некоторых странах используется для обозначения некоторой их части [1].

Уровень развития лизинга в стране определяют: нормативно-законодательная база; государственное регулирование; макроэкономические условия, состояние инвестиционного рынка; использование системы бухгалтерского учета.

В западной учетной практике существует общее правило, согласно которому объекты финансовой аренды и соответствующие обязательства должны отражаться в балансе арендатора (т.е. должны капитализироваться). Если же эти критерии не выполняются в конкретной арендной сделке, данный вид аренды характеризуется как операционная аренда, и в этом случае арендованное имущество с баланса арендодателя не списывается.

В свою очередь финансовая аренда с позиции арендодателя может подразделяться на два вида: аренду по типу продажи (*sales-type lease*) и



прямую финансируемую аренду (*directfinancelease*)[1].

Основное различие между прямой финансируемой арендой и арендой по типу продажи заключается в соотношении стоимости имущества, зафиксированной в договоре аренды (по этой стоимости арендатор принимает имущество к учёту и от неё производит расчёт сумм износа имущества и процентов по договору), и его балансовой стоимости у арендодателя при списании имущества с баланса. В том случае, когда договорная стоимость равна стоимости, зафиксированной в учёте арендодателя, — это прямая финансируемая аренда.

Обычно этот вид финансовой аренды предполагает участие в сделке трёх сторон. Будущий арендатор нуждается в некотором имуществе, но не имеет для его приобретения свободных денежных средств или же не желает приобретать его по каким-либо другим причинам. Тогда по его заявке специализированная лизинговая компания приобретает в собственность это имущество, а затем передаёт его во временное пользование арендатору за определённую плату. Таким образом, очевидно, что лизинговая компания просто финансирует приобретение имущества[1].

Сдачу имущества по типу продажи, как правило, осуществляет сам производитель. Следует отметить, что в данном случае арендатор принимает имущество к учёту по договорной цене, которая превосходит себестоимость имущества у арендодателя-производителя. Таким образом, доход арендодателя будет состоять из двух частей: (1) надбавка к себестоимости имущества; (2) проценты по аренде. Этот вид аренды есть не что иное, как реализация имущества. Производитель оборудования, не теряя контроля над ним, возмещает всю его стоимость и получает прибыль[1].

Одной из форм прямой финансируемой аренды является аренда со

смешанным финансированием (*leveragedlease*), которая представляет аренду, лишь частично финансируемую арендодателем. Оставшаяся часть суммы, необходимой для приобретения оборудования, берётся арендодателем в долг у одного или нескольких кредиторов, при этом кредитор обычно получает первую ипотеку, т.е. преимущественное право на собственность, предложенную в качестве обеспечения кредита, например, объект лизинговой сделки [1].

Весьма интересным видом арендной сделки является возвратная аренда. По договору возвратной аренды (*saleandleaseback*) компания осуществляет продажу имущества, а затем арендует его на определённый срок. Организация продолжает владеть и пользоваться принадлежавшим ей ранее имуществом и, кроме того, у нее появляются дополнительные финансовые средства. Как правило, этот вид аренды предусматривает переход права собственности на данный объект обратно к организации после совершения последнего платежа, т.е. в данной ситуации соблюден один из критериев, позволяющий относить данный вид сделок к группе финансовой аренды[1].

Первое официальное введение термина «лизинг» в экономический и правовой оборот многие юристы связывают с операциями телефонной компании «Белл», руководство которой в 1877 г. приняло решение не продавать свои телефонные аппараты, а сдавать их в аренду. В 1960–е годы начали практиковаться лизинговые правоотношения во Франции, Италии, Германии, Бельгии, а также в Японии, обладающие определённой спецификой. К 1980-м гг. лизинг распространился и в странах Азии, Африки, Австралии; в 1990-е гг. благодаря государственной поддержке и преимуществам для всех участников, лизинг развивался практически на всех континентах. В настоящее время лизинг используется во всех странах мира [2].



Первая лизинговая компания, появившаяся в 1952 г. в США (Сан-Франциско, основатель компании *United States Leasing Corporation* - Генри Шонфелд), занималась покупкой имущества для последующей сдачи его в аренду [1. На первом этапе развития современного лизингового бизнеса в США банкам запрещалось (до 1963 г.) участвовать в сделках в качестве лизингодателя. Банки участвовали в лизинговых операциях в качестве кредиторов лизинговых компаний. Лизинговые операции позволяли применять гибкие схемы платежей, осуществлять забалансовый метод учета имущества. Эти обстоятельства существенно способствовали быстрому развитию лизинга в США. Имела место и государственная поддержка лизинга, которая предусматривала предоставление налоговых, инвестиционных, амортизационных льгот.

В 1980 г. Управление стандартизации финансового учета США выпустило постановление, в соответствии с которым с 1981 г. стали разграничивать “подлинный лизинг” и покупку с помощью лизинга. До этого компании могли брать оборудование в лизинг и не отражать его стоимость на своих балансах, а вести забалансовый учет, не показывая возрастающую сумму задолженности. Учетный стандарт № 13 в США (*SFAS 13*) предполагает соблюдение по крайней мере одного из следующих условий:

1. Право собственности на имущество будет передано арендатору по окончании срока аренды или при реализации возможности последующего выкупа имущества.

2. Срок аренды составляет по меньшей мере 75% срока службы актива, если только он не начинается в пределах последних 25% срока службы.

3. В начале аренды текущая дисконтированная оценка минимальных арендных платежей (которые определены ниже) составляет не менее

90% от рыночной стоимости сданного в аренду имущества для арендодателя (за минусом соответствующих налоговых кредитов, которые могут быть им использованы). Как и второй критерий, данный не принимается во внимание, если срок договора-аренды начинается в пределах 25% последних лет службы имущества [3].

Если сделка удовлетворяет хотя бы одному из этих условий, то имущество учитывается на балансе арендатора как актив с корреспондирующимся долговым обязательством. В пассиве отражается “обязательство по финансовому лизингу”. Если сделка не удовлетворяет ни одному из вышеупомянутых условий, то имущество учитывается в приложении к балансу лизингополучателя.

В 1985 г. в США был принят Закон о реформе системы налогообложения. В нем указывались критерии отнесения сделок к лизинговым и либерализована система использования налоговых льгот по лизингу. В частности, были разрешены сделки по передаче партнеру налоговых льгот.

В 1986 г. в Законе о налогообложении появится термин “финансовый лизинг”. Под ним подразумевается сделка, при которой лизингополучателю передается в пользование оборудование на полный срок или на большую часть жизненного цикла имущества; лизинговые платежи полностью переводятся лизингодателю (а не кредитору); на лизингополучателе лежит ответственность за техническое обслуживание, уплату налогов и страхование оборудования; совокупные лизинговые платежи, получаемые лизингодателем за весь жизненный цикл оборудования, полностью покрывают первоначальную стоимость оборудования и обеспечивают доход на инвестированный капитал. С 1990 г. климат для лизинга на налоговой основе изменился, и большая часть налоговых льгот была сокращена через механизм амортизации. Однако развитие лизинга не



остановилось. Лизинговые сделки продолжают оставаться более гибкими по сравнению с обычными, кредитными. Часть рисков по сделкам берут на себя лизинговые компании.

За короткое время своего существования лизинг как вид деятельности получил широкое распространение во всем мире и признан как один из наиболее эффективных и надежных методов инвестирования средств в оборудование. Многие крупные производители оборудования и транспортных средств являются одновременно и крупнейшими арендодателями своей продукции. Так в США не менее половины кредитов на развитие материально-технической базы компаний осуществляется посредством финансовой аренды [1].

Аренда остается гибким, удобным для использования способом получения средств необходимых на покупку определенного актива. Некоторые страны Западной Европы (Великобритания, Германия, Дания) не принимали специального законодательства по лизингу, а реализуют его в рамках обычного коммерческого права, в то время как Франция, Португалия, Швеция имеют специальное законодательство, где указаны в основном права лизингодателя и лизингополучателя, их взаимоотношения с производителями имущества, сдаваемого в лизинг. В Бельгии, Италии, Франции обязательным условием лизингового соглашения является продажа имущества по истечении срока соглашения по предварительно согласованной цене (опцион). В то же время в Великобритании и США опцион не является условием лизинга, где в соглашении предусматривается аренда-продажа. При этом, например, в США лизинг имеет форму финансовой сделки, используемой наряду с кредитом и другими займами. Законодательствами Италии, США, Франции предусмотрены специальные требования к лизинговому механизму. Лизинговые

соглашения подлежат регистрации в судебных органах с целью оповещения определенного круга лиц, предусмотренного законодательством, о собственнике имущества, передаваемого в лизинг и др. В Великобритании, Германии, Дании, Нидерландах лизинговая деятельность, как правило и не ограничивается [4].

Из-за различий владения имуществом отличаются и системы бухгалтерского учета и методы начисления амортизации и налогов, поскольку, согласно экономической концепции, имущество должно учитываться на балансе лизингополучателя, а согласно юридической — на балансе лизингодателя. Кроме того, некоторые страны занимают промежуточное положение в части организации бухгалтерского учета, в зависимости условий определенных договором лизинга и по договоренности сторон могут отражать объект лизинга либо на балансе лизингодателя, либо на балансе лизингополучателя.

Изучение международной практики развития учета лизинговой деятельности показало, что наиболее полно бухгалтерское законодательство в области лизинга представлено в Великобритании и США. Англо-американская модель послужила основой для заимствования положений учета другими странами и утверждения в 1982 году Международного стандарта финансовой отчетности МСФО (IAS) 17 «Аренда».

МСФО (IAS) 17 опубликован в сентябре 1982 года, для применения к отчетным периодам начиная с 1 января 1984 года, и устанавливает критерии классификации арендных операций, а также содержит указания по учету некоторых специфических видов арендных соглашений. Целью данного стандарта является определение учетной политики и раскрытие информации в отношении финансовой и операционной аренды.

МСФО (IAS) 17 три раза подвергся пересмотру. Первый пересмотр в



1997 году был ограничен вопросами, которая Международная организация комиссий по ценным бумагам (IOSCO) сочла принципиальными для выполнения плана Комитета по МСФО и IOSCO по созданию стандартов финансовой отчетности для фондовых бирж при биржевой регистрации зарубежных компаний.

Второй раз в рамках проекта Совета МСФО «Усовершенствование Международных стандартов финансовой отчетности» стандарт был пересмотрен в ноябре 2003 года и вступил в силу с 1 января 2005 года. Данный пересмотр ограничивался вопросами классификации аренды земли и зданий. А именно, аренда земли и зданий должна учитываться раздельно, и минимальные арендные платежи должны делиться на две составляющие пропорционально справедливой стоимости активов, за исключением случаев, когда по окончании срока аренды к арендатору переходит право собственности как на землю, так и на здания. При этом, аренда земли классифицируется как операционная аренда, в связи с неограниченным сроком ее экономической жизни.

При третьем пересмотре, отошли от ранее принятого решения в 2003 году в отношении аренды земли, которое заключалось в том, чтобы рассматривать аренду земли как финансовую только при условии перехода в конце срока договора права собственности на землю в пользу арендатора. Теперь, для принятия такого решения необходимо рассматривать все те факторы, которые предусмотрены для всех остальных договоров аренды, с учетом перехода к арендатору существенной части рисков и выгод, связанных с ними, несмотря на отсутствие права их приобретения в конце срока договора аренды.

Таким образом, в международной практике для целей учета аренда классифицируется как:

- финансовая аренда (*financi allease*) – это аренда, при которой

арендатору передаются практически все риски и выгоды, связанные с владением активом. При этом право на актив может передаваться, а может и не передаваться;

- операционная аренда (*operation allease*) – это любой вид аренды, отличный от финансовой.

При этом признание аренды в учете как операционную или финансовую осуществляется арендатором и арендодателем самостоятельно и независимо друг от друга. То есть существует вероятность различной классификации одного и того же арендного договора. Это связано с тем фактом, что критерии определения аренды как финансовой являются качественными, а не количественными, а значит, не всегда очевидными. Но, несмотря на трудность классификации договора аренды, участники аренды должны подойти к этому вопросу со всей серьезностью, так как изменение классификации аренды не допускается в течение всего срока действия договора, за исключением случая, когда произошли существенные изменения условий соглашения, когда это сделать необходимо[1].

Методологические принципы формирования в бухгалтерском учете информации об аренде и ее раскрытии в финансовой отчетности определяет МСФО (IAS) 17 «Аренда». До вступления в силу этого стандарта бухгалтерский баланс не отражал ни стоимость используемого актива, ни полную сумму арендных обязательств. Вместо отражения получения займа или приобретения актива компаниям предлагалось отражение аренды за балансом.

МСФО (IAS) 17 разрешает данную проблему, предусматривая порядок учета финансовой аренды аналогичный тому, который применяется в отношении приобретения актива, как если бы это приобретение происходило за счет заемных средств. Арендванный актив отражается в бухгалтерском балансе арендатора,



несмотря на то, что у арендатора нет прав собственности на него[4].

На практике можно встретить такой особый вид арендных сделок как продажа актива с последующей обратной арендой. В данном случае продавец актива (арендатор) продает актив арендодателю, который, в свою очередь, сдает его обратно в аренду арендатору. Обратная аренда может быть как операционной, так и финансовой[4].

Высказывание Аристотеля из его «Риторики», написанном около 350 г. до н.э., о том, что «Богатство заключается чаще всего в рентабельном использовании собственности, а не в обладании ею как таковой», лучше всего определяет экономическую сущность лизинга. В основе бухгалтерского учета лизинговой деятельности заложен именно этот принцип разделения права собственности и пользования. До настоящего времени в мировой практике не установилась даже единая трактовка самого понятия лизинга. Это связано не только с использованием различных терминов для описания лизинговых операций (кредит-аренда – во Франции, финансовая аренда – в Бельгии и т.д.), но и правовыми и экономическими особенностями[4].

Сравнительный анализ регуляторов по отражению операций аренды в международном контексте показывает, что какой-то унифицированной их трактовки, которая безоговорочно разделялась бы в различ-

ных странах, не существует. Не случайно международный стандарт МСФО (IAS) 17, как и все другие разработки Комитета по международным стандартам бухгалтерского учета, дает более общую и отчасти размытую трактовку сущности аренды по сравнению, например, с американским стандартом SFAS13, в котором порядок отражения в бухгалтерском учете операций по договору аренды более конкретизирован[1].

Состоявшиеся за период независимости в экономике и правовой системе Казахстана изменения, привели к тому, что в настоящее время действует ряд нормативных документов, в той или иной мере регулирующих порядок осуществления лизинговых операций. Лизинг как явление, характерное рыночной экономике, в Казахстане берет свое начало с 1990 года. Начиная с этого момента формируется нормативно-правовая база, являющаяся основанием для осуществления лизинговых операций.

Лизинг в Казахстане является одним из главных инструментов долгосрочных инвестиций организациями малого и среднего бизнеса в обновление основных средств. Его доля в общем объеме инвестиций в основной капитал предприятиями малого и среднего бизнеса составляет в среднем порядка 20%. За прошедшие 10 лет портфель казахстанских лизинговых компаний вырос до 1,1 млрд долларов, составив более 1% ВВП.

Список литературы:

- 1 Ковалев В.В. Введение в финансовый менеджмент. М.: Финансы и статистика, 2002. – 768 с.: ил.
- 2 Ануфриева Л.П. Международное частное право: В 3-х т. Том 2. Особенная часть: Учебник. 2-е изд., перераб. и доп. – М.: Издательство БЕК, 2009. – С. 215–216.
- 3 Хендриксен Э.С., Ван Бреда М.Ф. Теория бухгалтерского учета: Пер. с англ./Под ред. проф. Я.В. Соколова. – М.: Финансы и статистика, 2000. – 576 с.: ил. (Серия по бухгалтерскому учету и аудиту).
- 4 Хашимова А.Т. Основные принципы бухгалтерского учета лизинга: международная и отечественная практика: Материалы для конференции, 17 октября 2011 год.



Түйін
ЖАЛДАУ ҚАТЫНАСТАРЫНЫҢ ЕСЕБІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕСІ

С.Ж. Баймолдина

магистрант

Алматы экономика және статистика академия

Алматы қ., Қазақстан

e-mail: sbaimoldina@mail.ru

Мақала жалдау қатынастарының есебін ұйымдастырудың халықаралық тәжірибесінің мәселелеріне арналған. Автор экономикасы дамыған елдерде жалдау мен лизингтік операциялардың арасында түбегейлі айырмашылық жоқ екендігіне назар аударады. Мақалада қаржылық жалдаудың ерекшеліктері және олардың түрлері қаралған. Автор лизингтік қызметтің дамуының халықаралық тәжірибесін зерттеудің лизинг саласындағы бухгалтерлік заңнаманың АҚШ пен Ұлыбританияда толық түрде ұсынылғанын атап өткен. Жалдау және қаржылық есептіліктегі оны ашып көрсету туралы ақпараттың бухгалтерлік есепте құрылуының әдіснамалық принциптерін ХКЕС анықтайды.

Түйінді сөздер: *жалдау, жалдау қатынастары, халықаралық тәжірибе, лизинг, жалдауды жіктеу, ХКЕС(IAS) 17.*

Summary

**INTERNATIONAL EXPERIENCE OF THE ORGANIZATION
OF THE ACCOUNTING OF THE RENT RELATIONS**

S.Zh. Baymoldina

undergraduate

Almaty academy of economy and statistics

Almaty, Kazakhstan

e-mail: sbaimoldina@mail.ru

Article is devoted to questions of the international experience of the organization of the accounting of the rent relations. The author pays attention that in economically developed countries there is no basic distinction of operations of rent and leasing. In article features of financial rent and distinction of types of such rent are considered. It is emphasized that the methodological principles of formation in accounting of information on rent and its disclosure in financial statements are defined by IFRS.

Keywords: *rent, rent relations, international experience, leasing, classification of rent, IFRS (IAS) 17.*



УДК 657

ҚҰРЫЛЫС МЕКЕМЕСІНІҢ ШЫҒЫНДАР ЕСЕБІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

А.С. Елубаева
магистрант

Алматы экономика және статистика академиясы
Алматы қ., Қазақстан
e-mail: ayauzhan_85.85@mail.ru

Аңдатпа

Шығыстарды талдау олардың тиімділігін анықтауға, олардың шектен тыс болу-болмауын айқындауға, жұмыстың сапалық көрсеткіштерін тексеруге, бағаны дұрыс есептеуге, шығындарды реттеу мен бақылауға, өндірістің пайда мен тиімділігін жоспарлауға көмектеседі. Өзіндік құнды азайтудың ерекше мәні бар, ол пайданы молайтудың басты көзі.

Түйін сөздер: шығын, өзіндік құн, талдау, өндіріс, бақылау.

Негізгі материалдар — дайындалатын өнімнің заттай материалдық негізін құрайтын материалдар болса, көмекші материалдар өндірілетін өнімнің өзіндік құнына кіргенімен негізгі материалдар сияқты оның заттай негізін құрай алмайды. Өнімге қажетті қасиеттерді беру үшін (сырлар, лак, желім) көмекші материалдар негізгі материалдарға қосымша пайдаланылады. Негізгі материалдарға бетон, цемент, қиыршық тас, құм, арматура, кірпіш және т.б. жатады.

Көмекші материалдардың негізгі материалдардан өзгешелігі олар өнімнің материалдық (заттық) негізін құрамайды. Олар өндіріс процесінде қолданылуы барысында негізгі материалдарға өзінің қандай да бір тиісті әсерін тигізіп, негізгі материалдардың түсін және тағы да басқа жақтарын өзгертеді. Материалдардың бұл түріне бояуларды, әктерді, еріткіш, сұйылтқыш, төсе-ме бояу (грунтовка), бояуға немесе лакка қосылатын құрғатқыш зат (сиккатив), кендір май (олифа), тығындау материалдарын жатқызуға болады.

Бірақ материалдарды негізгі және көмекші етіп бөлу шартты сипатқа ие, өйткені олар өнімді шыға-

руға жұмсалған материалдардың санына (мөлшеріне), технологиялық сипатына және басқа да көптеген факторларына тәуелді болып келеді.

Өнімнің, жұмыстың, қызметтің өзіндік құнына қосылу түріне орай, шығындар тікелей және жанама болып бөлінеді. Тікелей шығындар — өнімнің жекеленген бір түріне жатқызылатын шығындар. Тікелей шығындарға калькуляцияланатын объектінің немесе жұмыстың өзіндік құнына алғашқы құжаттардың негізінде тікелей қосылатын шығындар жатады. Оларға құрылыс материалдары, құрылғылар мен бөлшектер, құрылыс өндірісі жұмысшыларының негізгі еңбекақылары жатады.

Тікелей шығыстарға кеткен материалдар соңғы өнімнің құрамына (яғни, оның құнына) басқа да шығындарымен қатар қосылады [1].

Өндірістік процестің бір сатысынан толық өтіп әрі қарай өңдеуді қажет ететін материалдар — жартылай фабрикаттар деп аталады. Материалдардың бұл түрін әрі қарай өңдеу арқылы дайын бұйымдар алынады. Олардың аяқталмаған өнімнен айырмашылығы оны сол күйінде сатуға болады. Бұндай жағдайда жартылай фабрикатты сатып алған ша-



руашылық субъектісі оны әрі қарай өңдейді. Жартылай фабрикаттар қатарына мысал ретінде бетон және ағаш бұйымдарын жатқызуға болады.

Бір бірлік өнімге шикізат пен материалдар шығыны олардың сапасына материалдардың басқа түрімен ауыстыру, шикізат рецептурасының өзгеруіне, техника, технология және өндіріс ұйымдастыруына, жұмыскерлердің квалификациясына, шикізат шығысы және т.б. жағдайларға тәуелді болып табылады.

Материалдардың орташа бағасының дәрежесі шикізат нарығы, инфляциялық факторлар, материалдың ресурстардың топ ішіндегі құрылымы, транспорттық және дайындау шығындарының дәрежесіне, шикізат сапасына және т.б. тәуелді.

Қорлардың өзіндік құнына қорларды қазіргі тұрған жеріне дейін жеткізуге кеткен шығындар мен өңдеуге, алуға жұмсалған шығындар кіреді.

Материалдарды алудың нақты құны ұйымның осы қорларды дайындау мен жеткізу шығындарынан және сатып алу бағасынан құралады. Есептік бағалар (алудың жоспарлы өзіндік құны орташа сатып алу бағасымен және т.б.) бойынша материалдарды есептеуде есептік баға ретінде қорлардың құны мен қор алудың нақты құны арасындағы айырма осы шоттаға есептеу арқылы айқындалады.

Баланста материалдар есебі нақты құны бойынша көрсетіледі, осы баға бойынша олар синтетикалық есепте, ал аналитикалық есепте – тұрақты есептік бағалармен (келісімшарттық немесе жоспарлы есептік) есептеледі [2].

Егер қорлар есебі жоспарлы-есептік бағалар бойынша олардың құнынан материалдардың нақты құнының ауытқушылықтарын жекелей есептеп, жоспарлы-есептік бағалар бойынша ұйымдастырылса, мұндай жағдайда ұйым жоспарлы-есептік бағаларды материалдық

құндылықтардың атауы, түрлері және топтарына орай, сол шекте белгілейді, ал ауытқулар өндірістік қор түрлері бойынша есептеледі және ай сайын материалдарды пайдалану есеп шотына, жұмсалған және босатылған материалдардың (ауытқулар талдаушы есеп шоттарында жекелей ескеріледі) үйлесімді жоспарлы-есептік құны есебі объектілеріне есептен шығарылады.

Өндіріске босатылған материалдар құнын анықтаған келесідей бағалау тәсілдері қолданылуы мүмкін:

Беспрецедентно высокий объем неработающих кредитов в ссудном портфеле, сохранявшийся на протяжении длительного времени, негативно отразился на развитии банковского сектора, кредитовании экономики. Отношение активов банковского сектора к ВВП за предыдущие шесть лет снизилось с уровня более 90 до 44%, а кредитов банков экономике – с 56,5 до 32%. В результате произошло масштабное снижение уровня финансового посредничества, снизилась эффективность банков по перераспределению ресурсов в экономике и удовлетворению спроса на кредиты со стороны субъектов рынка.

Очистка балансов банков, скорее всего, приведет к дальнейшему снижению показателя активов и кредитов по отношению к ВВП. Однако без этого нельзя рассчитывать на восстановление банковского сектора, проблемы которого не исчерпываются только качеством активов. Необходимо решать вопросы долгосрочного фондирования банков, повышения уровня капитализации, перехода на стандарты Базеля. Не менее важным представляется задача снижения рисков кредитования реального сектора экономики, поскольку если банки не доверяют заемщикам, заставить их выдавать кредиты невозможно. А для обеспечения устойчивого экономического роста необходимо задействовать потенциал несырьевого сектора, малого и среднего бизнеса, которые в годы кризиса лишились значительной части оборотных средств.

Проблема ликвидности банковского бизнеса на сегодняшний день – это первоочередная задача. Банки отказываются выдавать кредиты в национальной валюте, так как им нечего предложить. Даже заключенные контракты на кредитные линии не работают. При этом ставка рефинан-



сирования слишком высока. Длинных денег в экономике нет. Возможно после курсовой стабилизации, состояние казахстанского тенге может ослабнуть. Внешние фонды и иностранные инвестиции для Казахстана не доступны уже несколько лет. Так что коррекция курса национальной валюты – единственный выход из создавшегося положения.

Особое влияние на состояние казахстанского тенге и финансово-банковской системы РК оказала девальвация российского рубля. Россия – основной казахстанский торговый партнер – девальвировала свою валюту и уже не на 20 %, как ранней весной 2014 года, а на 80% – в начале 2015 года. Вследствие этого покупать российские товары стало выгодно. Некоторые эксперты утверждают, что в ближайшие месяцы 2015 года в Россию будет вывезено порядка 20 млрд. долларов. В ноябре 2014 года произошло сокращение депозитной базы на 3,3 млрд. долларов. Естественно, что поток денежных средств, вывозимых наличными деньгами, никто не учитывал. Это процесс будет продолжаться до тех пор, пока паритет стоимости валют – рубль и тенге – не будет восстановлен либо за счет инфляции, либо девальвации тенге. В результате всех этих негативных событий отечественная промышленность и торговля терпят колоссальные убытки. Предприятия сворачивают деятельность, перестают платить налоги, увольняют сотрудников. Даже производители бензина вынуждены признать, что прежде традиционно дорогой российский нефтяной продукт теперь теснит их с казахстанского рынка. Соответственно, поступления в бюджет начинают сокращаться.

Создавшуюся ситуацию в казахстанском финансово-банковском секторе пытаются сгладить показателем – рост золотовалютных резервов (ЗВР) и отчетами о незначительном падении ВВП. В настоящее время Национальный банк РК ставит

себе на баланс валютные SWOPы, за счет чего и растут объемы золотовалютных резервов. SWOP – это валютный инструмент, созданный для банков и инвесторов. При проведении данной валютной операции владельцы американских долларов как бы закладывают их, а взамен берут казахстанские тенге. В случае допущения в ближайшее время девальвации, то обратный обмен будет совершен по старому валютному курсу. Но делать этого нельзя. При таком сценарии весь удар примет на себя реальная экономика, которой придется взять на себя оплату этих более дорогих денег.

Эксперты МВФ неоднократно предупреждали руководителей казахстанских финансовых структур о возможном дефолте и кризисных ситуациях, ставя в пример те развивающиеся страны, которые испытали голландскую болезнь. Но многих финансовых руководителей успокаивала растущая цена на нефть. Даже когда цена на нефть падала, была уверенность, что она скоро вновь вырастет.

Современная предкризисная ситуация показывает структурные недостатки финансово-банковской системы РК. Если учесть, что Национальный банк РК собрал все финансовые инструменты и контроль над ними, то ответственность за состояние экономики лежит именно на нем.

Существуют различные способы поднять доверие к тенге, но самая лучшая мера – это введение Национальным банком РК на 2015-2020 годы гарантии на курсовую разницу по тенговым депозитам сроком более одного года. Если в течение 2015 года тенге сдаст свои позиции более чем на 6%, то это будет соответствовать нижнему коридору официальной инфляции. По состоянию на 30 ноября 2014 года объем срочных депозитов составляет около 7 триллионов тенге в иностранной валюте.

Чтобы увеличить объемы депозитов, необходимо дополнительно:



- Снизить максимально рекомендуемые АО «КФГД» ставки по долларовым депозитам;

- Гарантия Национального банка по тенговым депозитам на курсовую разницу действует, только если соблюдаются максимальные рекомендуемые ставки;

- Гарантия Национального банка по тенговым депозитам на курсовую разницу касается только новых депозитов, открытых более чем на один год, либо действующие депозиты, но продленные после объявления гарантии еще на один год.

Список литературы:

- 1 [http://: www.nationalbank](http://www.nationalbank)
- 2 Отчет НБ РК за 2014 год

Түйін

ҚАРЖЫ-БАНК ЖҮЙЕСІНІҢ ДАМУЫ: ЗАМАНУИ НАҚТЫЛЫҚТАР (РЕАЛИЯЛАР) ЖӘНЕ БЕТАЛЫСТАРЫ

К.Ж. Бертаева

э.ғ.д., профессор

«Қаржы» кафедрасының меңгерушісі

Алматы экономика және статистика академиясы

Алматы қ., Қазақстан

e-mail: kul.bert@mail.ru

Қазіргі банк жүйесі кез келген дамыған мемлекеттің соның ішінде Қазақстанның да ұлттық экономикасының маңызды саласы болып табылады. Мақалада замануи қазақстан банктерінің дамуының біркелкі еместігіне көңіл аударылған. Автор Қазақстан банк жүйесіндегі жағдайға ұлттық валютаның құлдырауының теріс әсерін, соның нәтижесінде активтердің өсуінің тездеткенін және басқа да мәселелердің үстіне несие ұйымдарының қаржы қызметтерінің нашарлағанын көрсеткен. Қазақстан банктерінің мысалында автор Қазақстанның қаржы-банк жүйесінің дамуының жан-жақты талдауын берген. Мақала соңында депозиттер көлемінің ұлғаюына ұсыныстар жасалған.

Түйінді сөздер: банк жүйесі, банктік бизнес, банк активтерінің жиынтығы, проблемалы несиелер.

Summary

DEVELOPMENT OF THE FINANCIAL BANKING SYSTEM OF KAZAKHSTAN: MODERN REALITIES AND TENDENCIES

K.Zh. Bertayeva

Dr. Econ. Sci., professor

head of the department "Finance"

Almaty Academy of Economics and Statistics

Almaty, Kazakhstan

e-mail: kul.bert@mail.ru

The modern banking system is the most important sphere of national economy of any developed state, including Kazakhstan. In article the attention to unevenness of development of modern Kazakhstan bank is paid. The author notes negative influence on a situation in a banking system of Kazakhstan of landslide falling of rate of national currency. As a result of it the result of financial activity of the credit organizations worsened. On examples of the Kazakhstan banks the author gives the versatile analysis of development of a financial banking system of Kazakhstan. At the end of article the author offers recommendations about growth of volumes of deposits.

Keywords: banking system, banking business, total assets of banks, problem credits.



УДК 336

НАЛОГОВАЯ СИСТЕМА ОБЪЕДИНЕННЫХ АРАБСКИХ ЭМИРАТОВ

Э.Р. Кузенбаева,
доцент ААЭС,
Ж.У. Бажанова,
студент 4 курса

Алматинская академия экономики и статистики
г. Алматы, Казахстан
e-mail: bazhanova.zhanbota@mail.ru

Аннотация

В статье рассмотрены положение дел в налоговой системе Объединенных Арабских Эмиратов (ОАЭ). Автор показывает особенности налоговой системы ОАЭ. К ним, например, относится отсутствие единой налоговой политики по стране, то есть каждый эмират устанавливает свою политику. Налоговый режим страны отличается специфичностью, так как он не имеет порой тех налогов, которые есть в других странах. Автор описывает виды налогов и отрасли, где они находят применение.

***Ключевые слова:** налоговая система, налоговый режим, налоговая политика, отсутствие налогов, дополнительные преимущества для офшорных компаний,*

Налоговая система ОАЭ достаточно необычна. Здесь нет привычных общегосударственных НДС, налога на прибыль и подоходного налога. Каждый эмират устанавливает свою налоговую систему. Однако именно налоговая система превратила ОАЭ в один из самых крупных финансовых центров Ближнего Востока.

Каждый эмират устанавливает свою налоговую политику. Но, в целом, по Объединенным Эмиратам, здесь один из лучших налоговых климатов в мире. В последнем Индексе экономической свободы (Index of Economic Freedom), который формируется ежегодно американским фондом The Heritage Foundation и The Wall Street Journal, налоговая политика Объединенных Арабских Эмиратов была оценена, без изменений, на одном из самых высоких уровней в регионе и в мире. В категории «финансовая свобода» ОАЭ ежегодно получает 99.9 баллов. («финансовая свобода» страны в индексе показывает степень налогового бремени)[1].

Налоговый режим в ОАЭ довольно мягкий. Специфическим его называют потому, что он не имеет порой тех налогов, которые есть в других странах. Например, отсутствие персонального подоходного налога (личного дохода жителей страны). Это значит, что, если в других странах работник должен выплатить налог в зависимости от величины своей заработной платы, то в ОАЭ доход сотрудников не подлежит налогообложению. Что касается корпоративного подоходного налога, то его платят тоже не все компании, а лишь те, чья деятельность связана с нефтехимической промышленностью. Федерального налога для предприятий в ОАЭ не предусмотрено, поэтому в каждом эмирате сумма налога может быть разной. Для Дубая, например, ставка налога может колебаться вплоть до 50%, но это зависит от размеров прибыли. Так, если сумма прибыли составляет от 1 до 2 миллионов дирхам, то налог составляет 10%, если 2-4 миллиона дирхам, то уже 30%, 40% ставка на-



лога действует для предприятий, чья прибыль составляет 4-5 миллионов дирхам, а 50% выплачиваются теми предприятиями, чья прибыль составляет более 5 миллионов дирхам.

Поскольку ОАЭ привлекает инвесторов на свои площадки, как в свободных зонах, так и в остальных, иностранцев волнует вопрос относительно налогов на недвижимость. Владельцы недвижимости в Дубаи, например, выплачивают регистрационный сбор (отчисления Земельному департаменту) в размере двух процентов от продажной стоимости недвижимости. Кстати, покупателем выплачивается не вся эта сумма, а лишь полтора процента; оставшиеся же полпроцента выплачиваются продавцом недвижимости. Жилая недвижимость, развлекательная деятельность и услуги отелей подвергаются 5% налоговому обложению, а ставка в 10%, действует для объектов коммерческой недвижимости.

Единственной отраслью, которая облагается налогами, является отрасль переработки нефти. Так же налогами облагаются банковские учреждения.

Объединенные Арабские Эмираты имеют подписанные договора с сорока пятью странами во всем мире. Суть этих договоров заключается в том, что согласно им, между ОАЭ и этими странами нет двойного налогообложения. Среди стран, с которыми подписаны договора о ликвидации двойного налогообложения, есть Германия, Италия, Франция, Индия, Украина и другие.

Что касается Свободных зон (СЭЗ) ОАЭ, то этот вопрос стоит рассмотреть отдельно. Компании, зарегистрированные в СЭЗ, имеют статус оффшорных. То есть, действующих за пределами страны. Причем плюс регистрации фирмы в СЭЗ стоит еще в том, что владельцу принадлежит 100% ее руководства (для сравнения, на остальных территориях руководство компанией иностранцу невозможно без участия в этом

местного агента или акционера). Зона свободной торговли больше всего подходит для регистрации компаний, намеревающихся использовать Дубаи только в качестве базы, ожидающих при этом, что большая часть их доходов будут поступать из-за пределов ОАЭ. Кстати, такая компания освобождается от всех импортных пошлин и ей гарантируется 100%-ная репатриация инвестированного капитала. Компании, используемые в целях оптимизации налогообложения, получают, как правило, либо торговую, либо промышленную лицензию. Они могут осуществлять деятельность как в СЭЗ Джебель Али, так и за пределами ОАЭ. Сейчас большое число фирм с мировым именем в сфере продажи и закупки драгоценных камней разместили свои филиалы в эмиратах: большое число туристов, влиятельных людей, бизнесменов и просто ценителей камней – конечно, такой бизнес здесь пользуется большим успехом. Драгоценности льются рекой, дамы не могут устоять перед покупкой пары-тройки кольца или сережек из переливающихся изумрудов или бриллиантов.

Дополнительные преимущества для оффшорных компаний – отсутствие ограничений по гражданству и резидентности директоров и акционеров.

В разных эмиратах есть система корпоративных налогов в разных сферах деятельности. Так, вся нефтяная индустрия и банковский сектор платят и подоходный налог, и налог на капитал, а также налог на корпорации и налог на прибыль. Другой объект налога на прибыль – компании с большими денежными оборотами. Величина налоговой ставки напрямую зависит от уровня доходов:

- 10% – на прибыль в пределах 1–2 млн. дирхам;
- 30% – на прибыль в пределах 2–4 млн. дирхам;
- 40% – на прибыль в пределах 4–5 млн. дирхам;



– 50% – на прибыль свыше 5 млн. дирхам.

Относительно высокие налоги и в гостиничной сфере – 17%, и в сфере коммерческой недвижимости – 10%. В ОАЭ есть «круг 5%» – несколько налогов, составляющих 5%:

- налог на жилье;
- налог на услуги отелей;
- налог на развлекательную деятельность.

Основные преимущества ведения бизнеса в свободной экономической зоне ОАЭ: [2]

– возможность 100%-го владения собственностью иностранцами через существующие в СЭЗ компании;

– отсутствие таможенных пошлин на товары, ввезённые либо произведенные в СЭЗ;

– освобождение компаний от уплаты налогов, отсутствие налогов на доходы физических лиц (предпринимателей и сотрудников компаний) в СЭЗ;

– акционеры могут быть как физическими, так и юридическими лицами;

– отсутствие валютного контроля.

Иностранцы граждане получили возможность покупать и арендовать недвижимость во всех эмиратах, входящих в ОАЭ, лишь в 2006 году. При этом именно покупка недвижимости иностранцами была разрешена только в так называемых «свободных зонах» (Freehold), которые включают в себя определенные районы эмиратов. На остальной территории, которую принято обозначать английским термином Leasehold, была разрешена лишь долгосрочная (до 99 лет) аренда недвижимости.

Согласно действующему законодательству Дубая иностранные граждане, купившие недвижимость в «свободной зоне», имеют такие же полноценные права на использование объекта недвижимости, а также продление резидентской визы (эту процедуру необходимо проходить 1

раз в три года), как и граждане ОАЭ.

На сегодняшний день любой иностранный гражданин, владеющий собственностью на территории ОАЭ, получает все необходимые юридические полномочия на использование объекта недвижимости в личных целях, его перепродажу, сдачу в аренду, дарение или завещание и т. д. Приобретенная в «свободных зонах» ОАЭ недвижимость является постоянной собственностью покупателя.

В настоящее время земельный департамент взимает регистрационный сбор при перепродаже жилья (сделки на вторичном рынке) в размере 2% от стоимости сделки. Уплатить этот сбор обязан покупатель объекта недвижимости.

Стоит отметить, что в ОАЭ государство несет полную ответственность за юридическую чистоту сделок с недвижимостью и продолжительность строительства объектов.

В соответствии с действующим законом № 19, граждане ОАЭ могут стать полноценными владельцами недвижимости в любой точке Абу-Даби. В то же самое время представители Совета сотрудничества арабских государств Персидского залива (ССАГПЗ) и иностранные граждане могут стать только владельцами недвижимости, расположенной в так называемых «свободных зонах». Помимо этого иностранные граждане не могут стать владельцами земли, на которой располагается приобретенный ими объект недвижимости. Если же иностранный гражданин все-таки хочет получить эту землю в собственность, он может попытаться оформить соответствующее разрешение в Исполнительном Совете Абу-Даби [3].

На сегодняшний день Земельный департамент Абу-Даби включил в список «свободных зон» Al Reem Island и Al Raha Beach. В скором времени этот список может пополниться еще двумя регионами: Saadiyat Island и Lulu Island.



Таким образом, в стране нет торговых барьеров, квот и финансового контроля, что, конечно, интересует с каждым годом все больше инвесторов. Тем не менее, вопрос о прямом налогообложении поднимался не один раз, но так и не был рассмотрен и принят из-за возможных перекосов в экономике ОАЭ. А именно, взимание общих для всех жителей налогов может привести к

тому, что некоторые слои населения попросту не смогут выплачивать их. Поэтому сегодня Арабские Эмираты не изменяют традициям, что и делает эту страну особенной среди всех. Казалось бы, отсутствие налогов, бесконтрольные разновременные взносы, но насколько отлажен этот механизм. Приобретение недвижимости именно в ОАЭ – самый выгодный на сегодняшний день вариант.

Список литературы:

- 1 Жан-Франсуа Шэ. Новые оазисы – Эмираты: Современные положения. ГЕО.: 2004. №3.
- 2 <http://btimes.ru/business/nalogovaya-sistema-OAE-raiskii-ugolok>.
- 3 Густерин П.В. Города Арабского Востока. – М. Восток-Запад, 2007. – 352 с.

Түйін

БІРІККЕН АРАБ ЭМИРАТТАРЫНЫҢ САЛЫҚ ЖҮЙЕСІ

Э.Р. Кузенбаева

доцент АЭСА

Ж.У. Бажанова

4 курс студенті

Алматы экономика және статистика академиясы

Алматы қ., Қазақстан

e-mail: bazhanova.zhanbota@mail.ru

Мақалада Біріккен Араб Эмираттарының (БАЭ) салық жүйесінің жағдайы қарастырылған. Автор БАЭ салық жүйесінің ерекшеліктерін көрсеткен. Оларға, мысалы, елде бірыңғай салық саясатының жоқтығы, яғни әр эмират өзінің саясатын жүргізеді. Елдің салық тәртіптемесі ерекшелігімен өзгешеленеді, себебі онда басқа елдерде бар салықтар жоқ. Автор салық түрлерін және оларды қолданатын салаларды келтірген.

Түйінді сөздер: салық жүйесі, салық тәртіптемесі, салық саясаты, салықтардың жоқтығы, оффшорлы компанияларға қосымша артықшылықтар.

Summary

TAX SYSTEM OF THE UNITED ARAB EMIRATES

E.R. Kuzenbayeva

Zh.U. Bazhanova

Almaty academy of economy and statistics

Almaty, Kazakhstan

e-mail: bazhanova.zhanbota@mail.ru

In article the situation in tax system of the United Arab Emirates (UAE) is considered. The author shows features of tax system of the United Arab Emirates (UAE). Such feature is lack of a uniform tax policy in the country. Tax regime of the country has no taxes which are in other countries. The author describes types of tax and branches of economy where these taxes find application.

Keywords: tax system, tax regime, a tax policy, lack of taxes, additional benefits for the offshore companies.



УДК 336.1
**ФИРМАНЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫНА
ӘСЕР ЕТЕТІН ФАКТОРЛАРДЫ ЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ
ОЛАРДЫҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫНЫҢ БАҒЫТТАРЫ**

Д.О. Оналтаев

*э.г.к., ассоциацияландырылған профессор
Алматы экономика және статистика академиясы*

Н.С. Ахметов

*магистрант
Каспий Қоғамдық университеті, Алматы
e-mail: mj-fever@mail.ru*

Аңдатпа

Нарықтық экономика жағдайында фирмалардың қаржылық тұрақтылығын болжау мен оны арттыру жолдарын қарастыру маңызды мәселелердің бірі. Фирманың маңызды сипаттамасы болып оның қаржылық тұрақтылығы табылады. Қаржылық тұрақтылықты бағалауда оның шегін анықтау маңызды экономикалық міндеттерге жатады. Әрбір фирманың қаржылық тұрақтылығын талдау мен болжау қорытындысы фирма қызметіне қатысты ішкі және сыртқы пайдаланушыларға қажетті ақпаратты көрсетеді.

Түйінді сөздер: *қаржылық тұрақтылық, қаржылық тұрақтылыққа әсер ететін факторлар, қаржылық тұрақтылық дамуының ішкі факторлары, қаржылық тұрақтылық дамуының сыртқы факторлары*

Еліміздің 2050 жылға дейінгі Даму стратегиясы әлемдегі ең дамыған 30 елдің ішіне кіру міндетін алға қойып отыр. Әрине, бұған қол жеткізу үшін кәсіпкерлік қозғалыс одан әрі жандана түсуі қажет. Қойылып отырған мерзімнің ішінде экономикадағы орта және шағын кәсіпкерліктің үлесі 40 пайыздан кем болмауы тиіс. Сондықтан да, “Қазақстан-2050” Стратегиясында кәсіпкерлікті дамыту мәселесіне ерекше мән берілген. Өз сөзінде Елбасы жуық арада елімізде жекешелендірудің екінші толқыны жүргізілетіндігін атап өтті. Бұл өте маңызды мәселе болып табылады. Еліміздің алдындағы кең көлемді мақсат – әлемнің неғұрлым дамыған отыз экономикасының қатарына қосылу мақсаты. Сондықтан да, Елбасы отандық бизнеске қолдау көрсетуді жаңа саяси бағытымыздың екінші маңызды міндеті етіп белгіледі.

Бүгінде қазақстандық бизнестің

дамуы елдің бәсекелестік деңгейін арттырудың басты факторына айналғаны белгілі. Кәсіпкерлік пен мемлекеттің арасында жүйелі байланыс қалыптасып, бұл салада көптеген мәселелер шешімін тапты деп айтуға болады [1].

Нарықтық экономика жағдайында фирмалардың қаржылық тұрақтылығын болжау мен оны арттыру жолдарын қарастыру маңызды болып табылады. Нарықтық қатынастарға шаруашылық етуді жүзеге асыру қазақстандық кәсіпорындарға өндірістік және қаржылық ресурстарды өз бетінше жоспарлауға, талдаулар жасауға және өз кәсіпорынының қаржылық жағдайын бағалауға мүмкіндік берді. Көптеген кәсіпорындар бұл жағдайларда қаржылық дәрменсіздікке (банкроттылыққа) түсу мүмкіндігін азайту мақсатында қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету мәселелеріне тап болды.



Қаржылық тұрақтылықты бағалау мәселелері қаржылық мәселе ғана емес, жалпы экономикалық мәселелердің біріне жатады, өйткені жеткіліксіз қаржылық тұрақтылық өндірісті дамыту үшін, ағымдағы қызметті жаңарту үшін кәсіпорын қаражаттарының жоқтығына, сонымен қатар төлем қабілетсіздік пен банкроттылыққа әкеп соқтыруы мүмкін. Ал егер де жоғары қаржылық тұрақтылық болса, онда ол шаруашылықты тиімсіз басқаруды білдіреді, яғни кәсіпорында артық қорлардың бар болуын көрсетеді. Осы орайда кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығының шегін анықтау маңызды экономикалық міндеттерге жатады.

Қазіргі экономикалық жағдайда әрбір капитал салушының алдында өз қаражаттарын тиімді қолдану мәселесі тұрады. Бұл жердегі басты мақсат минималды салым тәуекелі кезінде максималды пайда алу мүмкіндігі болып табылады. Нарықтық экономикада әрбір фирма дербес қызмет атқару салдарынан әр түрлі іскерлік тәуекелдіктер – өндірістік, маркетингтік, қаржылық және т.б. пайда болады. Экономикалық талдаудың отандық теориясы мен тәжірибесінде фирманың қаржылық жағдайы мен инвестициялық тартымдылығы оның өтімділігі мен төлем қабілеттілігімен, табыстылығы мен іскерлік белсенділігімен, қаржылық тұрақтылығымен және т.б. бағаланады.

Фирманың маңызды сипаттамасы болып оның қаржылық тұрақтылығы табылады. Әрбір фирманың қаржылық тұрақтылығын талдау мен болжау қорытындысы ағымдағы, инвестициялық және қаржылық дамуының болашағын, ұйымдастырушы, қызметкерлер, жеткізушілер, сатып алушылар, несие берушілер, салымшылар, мемлекет, банк пен басқа да фирма қызметіне қатысты ішкі және сыртқы пайдаланушыларға қажетті ақпаратты көрсетеді.

Қаржылық тұрақтылықты талдау жеке фирманың ғана емес, бүкіл Қазақстанның да маңызды және өзекті мәселелердің бірі болып саналады. Әлбетте мемлекеттің қаржылық тұрақтылығы жеке алынған фирманың қаржылық тұрақтылығына тәуелді болады.

Тәжірибеде көрсетілгендей, қаржылық тұрақты отандық фирмалар жүргізудің қиын нарықтық жағдайларына бейімделген. Алайда көптеген отандық кәсіпорындар қаржылық тұрақсыз болып келеді.

Қазіргі қазақстандық экономиканың даму деңгейінің міндеті ұзақ мерзімді ұлттық стратегияны дамыту мен экономикалық өсудің тұрақты ағынын қамтамасыз етуді іске асыру аспектісінде фирманың қаржылық тұрақтылығының арнайы талаптарын анықтау болып табылады. Бұл мәселені шешу қаржылық тұрақтылыққа арналған терең теориялық зерттеулерді, оны басқарудың жүйелік тәсілін әзірлеуді қажет етеді [2].

Көптеген қазақстандық фирмалар жұмысының тұрақтану мүмкіндігін әлсірететін негізгі факторлар бір жағынан, макроэкономикалық көрсеткіштерді алдын ала болжай алмау және олардың динамикасының қалыпты нарықтық циклге сәйкессіздігінен болса, екінші жағынан бұл кәсіпорындарды стратегиялық басқаруда әдістемелік қамтамасыз етудің жеткіліксіздігі болып табылады. Фирманың қызметі жоғары деңгейлі нәтижеге ие болуы үшін қаржылық тұрақтылық пен төлем қабілеттілікті жоғарылатуға байланысты стратегияны ұстау керек. Сонымен қатар кәсіпорынды стратегиялық басқарудың ажырамайтын бөлігі оның ағымдағы қызметіне талдау жүргізу және даму перспективасын бағалау болып табылады.

Қазіргі уақытта нарықта өмір сүру үшін және бәсекеге қабілеттілігін сақтау үшін барлық фир-



малар өздерінің шаруашылық қызметіне өзгерістер енгізіп отыруы қажет. Дағдарысқа қарсы басқару стратегиясы кәсіпорын сыртқы орта өзгерістеріне (алдын-ала белгісіз, ретсіз және жиі пайда болатын өзгерістер) қалай қарсы тұратындығын, қандай алдын-алу шаралары арқылы өзінің өмір сүру қабілеттілігін сақтауға болатындығын және белгіленген мақсаттарға жету жолдарын анықтауға мүмкіндік береді.

Фирманың қаржысын табысты басқарудың ең негізгі шарты – оның қаржылық тұрақтылығын талдау. Нарықтық қатынастар кезіндегі қаржылық тұрақтылық жағдайын талдаудың маңызы өте зор. Бұл фирмалардың тәуелсіздікке ие болуымен, меншік иелері, коммерциялық серіктестер және басқа да контрагенттер алдында өзінің өндірістік-кәсіпкерлік қызметінің нәтижелері үшін толық жауапкершілікте болуымен байланысты. Фирманың қаржылық жағдайы осы фирманың белгілі бір кезеңдегі қаржылық тұрақтылығын және оның өз шаруашылық қызметін үздіксіз жүргізуі мен өзінің қарыз міндеттемелерін уақтылы өтеуі үшін қаржы ресурстарымен қамтамасыз етілуін көрсетеді.

Фирманың қаржылық тұрақтылық ұғымын, кейбір авторлар “өз қаражаттарын шебер пайдалану қабілеттілігі, жұмыс процесінде үздіксіздігін қамтамасыз ететін қаржының жеткілікті болуы” деп түсіндіреді. Қаржылық тұрақтылық – меншікті және қарыз қаражаттарының байланысы деп жазады.

Енді бір ғалымдар “өз қаражаттары есебінен активтерге жіберілген қаражаттарды жабатын, сондай-ақ өтелмеген дебиторлық және кредиторлық қарыздарға жол бермейтін және де өз міндеттемелерін уақытысында қайтаратын фирмалар қаржылық тұрақты болып табылады” деп жазады.

Фирмалардың ұдайы өндіріс қызметіне кедергі келтіретін сыртқы және ішкі факторлардың әсеріне “иммунитет жасап шығаруы” тиіс. Нәтижесінде, кез – келген фирманың қаржылық қызметі – көптеген, әртүрлі факторлардан тәуелді өзара байланысты үдерістердің кешені ретінде көрініс табады.

Фирманың қолайсыз жағдайының басты себептері, ең алдымен, макроэкономикалық факторлар. Әсіресе, олар зерттелген сыртқы факторларды реттеуге мүмкіндік беретін бағалаудың сандық әдістерін қолдануға келмейтін тұрақсыз экономика жағдайында күшейе түседі. Сондықтан да, мұндай жағдайда сыртқы факторларды зерттеу арқылы фирманың қаржылық тұрақтылығын қалыптастыру жөнінде қандай да бір болжам жасау мүмкін емес.

Сыртқы факторлар ішкі факторларға әсер етеді, олар арқылы бейнесін табады және соңғылардың сандық сипатын өзгертеді. Сыртқы факторлардың басым бөлігімен жекелеген фирмалардың күресуге шамасы жетпейді, бірақ қалыптасқан жағдайда олар өндірістің жалпы құлдырауының келеңсіз салдарын азайтуға мүмкіндік беретін өздерінің жеке стратегиясын жүргізулеріне тура келеді.

Сонымен фирманың қаржылық тұрақтылығына әсер ететін ішкі факторларға мыналарды жатқызуға болады: шығарылатын өнім мен көрсетілетін қызметтердің құрамы мен құрылымы, айналым шығындарының табыстармен салыстырғандағы серпіні мен құрылымы, мүліктің құрамы мен жағдайы (қорлар мен дебиторлық берешектің мөлшеріне назар аудару керек), қаржылық ресурстар (бұл жерде төленген жарғылық капиталдың мөлшері мен табыстың мөлшеріне назар аудару керек).

Фирмаға қатысты сыртқы тұрақтылық экономикалық ортаның тұрақтылығымен анықталады. Ең бір



қолайсыз сыртқы факторлардың бірі болып инфляция табылады. Дағдарыстар қайсысы да болмасын фирманың қызметіне елеулі өзгерістер енгізеді. Дағдарыс кезінде өнімдерді өткізу қарқыны оларды өндіру қарқынынан артта қалады. Тауарлық қорларды инвестициялау төмендейді, ол өз кезегінде тауарларды өткізуді қысқартады және соңғы қаржылық қорытындыға (табыс) теріс әсер етеді [3].

Мемлекет жүргізетін салықтық және несиелік саясат, қаржы нарығының даму деңгейі, мемлекеттегі сақтандыруға қатынасы және осы кезеңдегі сыртқы экономикалық қатынастар қаржылық тұрақтылықтың негізгі макроэкономикалық факторлары болып табылады.

Біздің ойымызша, бүгінгі күні қызмет ету уақыты бойынша факторлар да маңызды болып келеді. Бұл факторларды баланстың қысқа және ұзақ мерзімді активтер мен пассивтер элементтеріне бөлуден бастаған жөн. Бұлай бөлу қысқа және ұзақ мерзімді қаржылық тұрақтылықты құрастыруға өте ыңғайлы.

Қорларды қамтамасыз ету үшін қаржыландыру көздері ағымдағы қаржылық тұрақтылықты талдауға негізделеді. Ұзақ мерзімді қаржылық тұрақтылықты талдау капитал құрылымын бағалауға негізделеді. Қысқа мерзімді бағалаудағы негізгі бағыт – бұл қорлардың құрылымы, мөлшері мен серпінін бағалау, сонымен қатар өндірістің ырғақтылығы. Ал ұзақ мерзімді бағалау жобалардың инвестициялық тартымдылығы фирма қызметінің жалпы тиімділігін қалыптастыратын әр түрлі көрсеткіштерге негізделеді.

Фирманың қаржыландыру көздерін талдау көптеген ішкі және сыртқы факторларға байланысты болады:

- фирма қызметінің ерекшелігі;
- фирманың несие саясаты;
- активтер мен пассивтерінің мөлшері мен құрылымы;

- қорлардың мөлшері мен серпінділігі;
- жеткізушілердің құрымылы;
- қысқа және ұзақ мерзімді несиелер мен қарыздардың құны және т.б.

Жоғарыда айтылғандай, фирманың қаржылық тұрақтылығына фирманың ауқымы да әсер етеді. Тәжірибеде анықталғандай, бірігетін ірі компаниялардың қаржылық тұрақтылығы жоғары болады, олар қолайсыз жаһандық өзгерістер мен конъюнктуралық тербелістерден оңай өтеді.

Кәсіпорынның қаржылық тұрақтылық жағдайына көптеген факторлар әсер етеді, оларды В.М.Родионова және М.А.Федотова келесідей түрлерге жіктейді:

- Пайда болу орнына байланысты – ішкі және сыртқы;
- Нәтиженің маңыздылығына байланысты – негізгі және негізгі емес;
- Құрылымы бойынша – қарапайым және күрделі;
- Әрекет ету уақыты бойынша – тұрақты және уақытша.

Ішкі факторлар фирманың өз жұмысын ұйымдастыруына байланысты болады, ал сыртқы факторлар фирманың еркіне бағынышты емес. Негізгі ішкі факторларды қарастырсақ, фирманың тұрақтылығы ең бірінші өндіріс шығындарымен үздіксіз байланысқан өндірілген өнім мен көрсетілген қызметтің құрамы мен айнымалы шығындар арасындағы қатынас маңызды болып табылады[4].

Қаржылық тұрақтылықтың ішкі маңызды факторларының бірі – бұл қаржы ресурстарының құрамы мен құрылымы, оларды басқару стратегиясы мен тактикасының дұрыс таңдалып алынуы. Фирманың өз қаржы ресурстары, соның ішіндегі таза табысы қаншалықты көп болса, соншалықты ол өзін жайлы сезіне алынады.

Сонымен бірге, тек таза табыстың көлемі ғана емес, оны тарату құрылымы, әсіресе өндірісті



дамытуға бағытталған бөлігі де өте маңызды болып табылады.

Сыртқы факторлар төмендегі 1-кестеде көрсетілген.

1-кесте

Қаржылық тұрақтылық дамуының сыртқы факторлары

Факторлар	Көрінуі	Мүмкін салдары
Ұлттық экономика жағдайы	Үкімет экономикалық саясаттың нашарлауын салықты, ақша массасының қозғалысын, банктік пайыз мөлшерлемесін реттеу арқылы білдірмеуге тырысады.	Салық салу жүйесінің қатаң дауы, несиенің қымбаттауы, шығындардың өсуі.
Саяси факторлар	Мемлекеттің шектеу немесе болдырмау сипатындағы қәсіпкерлік қызметке көзқарасы; Үкімет қызметінің тұрақсыздығы, т.б.	Инвестициялық климаттың нашарлауы, елден капиталды шығару.
Құқықтық факторлар	Жеткіліксіз антимонополиялық реттеу, сыртқы экономикалық қызметті шектеулі реттеу, құқықтық базаның дамымағандығы.	Өнім бағасының көтерілуі есебінен монополист-фирманың табысының жоғарылауы; өндірістің төмендеуі; қажетті құқықтық базаның болмауы; сыртқы нарыққа шығу қиындықтары.
Әлеуметтік факторлар	Әдет-ғұрыптар, өмірлік құндылықтар, әкімшілік-жоспарлы экономиканың менталитеті, қаржыны басқару дағдыларының болмауы, мәдениеттіліктің төмен деңгейі.	Парақорлық, қылмыскерлік.
Технологиялық факторлар	Мемлекеттің ғылым мен техникаға төмен шығындалуы; төмен техникалық деңгей.	Технологиялық тоқырау, өнімнің сапасының төмендігі және өзіндік құнының жоғарылығы; фирманың бәсеке қабілеттілігінің және өнімділік деңгейінің төмендігі.
Сатып алушылармен және жабдықтаушылармен өзара қарым-қатынас	Түсімнің өсу серпінінің баяулығы; шикізат пен материалдарды кешіктіріп жеткізу; олардың сапасының төмендігі.	Төленбеген қарыздардың өсуі; өндіріс көлемінің және өнім сапасының төмендеуі.

Ескерту: Дүйсенбаев К.Ш. «Кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдау» оқу құралы негізінде құралған [5, 2011 ж., 120 б.].

Фирманың қаржылық тұрақтылығына қарыздық капиталдар нарығындағы қосымша жұмылдырушы қаражаттар үлкен әсерін тигізеді. Фирма ақша қаражаттарын қаншалықты көп тартатын болса, оның қаржылық мүмкіндіктері де

соншалықты жоғары болады, алайда сонымен бірге қаржылық тәуекелділік те өседі, яғни фирма өз кредиторларымен уақытында есептесе ала ма, жоқ па деген қауіп туады. Және де бұл жерде фирманың төлеу қабілеттілігіне қаржылық



кепілінің бір түрі ретінде үлкен рөл берілген.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, фирманың қаржылық тұрақтылығына әсер ететін мынадай ішкі факторларды атап көрсетуге болады:

- Фирманың салалық меншіктілігі;

- Шығарылатын өнімнің және оның жалпы төлем қабілеттілігі бар сұраныстағы үлесі;

- Төленген жарғылық капиталдың мөлшері;

- Шығындардың көлемі, олардың ақшалай табыспен салыстырғандағы динамикасы;

- Қорлар мен резервтерді, олардың құрамы мен құрылысын қоса алғандағы мүлік пен қаржы ресурстарының жағдайы;

- Фирманы басқару тиімділігі.

Сыртқы факторларға шаруашылық жүргізудің экономикалық жағдайының әсерін, қоғамда үстемдік етуші техника мен технология қабілеті бар сұраныс тұтынушылары табысының деңгейі, ҚР Үкіметінің салық және несие саясаты, фирманың қызметін бақылау жөніндегі заң актілері, экономикалық байланыс және т.б жатады.

Фирманың қаржылық жағдайын қалыптастыруда оның өз контрагенттерімен өзара қарым-

қатынасы үлкен әсер етеді. Сондықтан да серіктестермен реттелген іскерлік қатынаста болу – жақсы қаржылық жағдайының бірден бір шарты болып табылады. Әрине, акционерлер өз жинақ қорларын тұрақты тиімділікке және дивидендтерді ұқыпты төлейтін қаржылық тұрақты фирмаларға салады. Инвестициялық тартымдылығы болу үшін тек бүгінгі күні ғана емес, болашақта да фирманың қаржылық жағдайы бәсекелестеріне қарағанда жақсы болуы тиіс [6].

Фирманың тұрақтылығының жоғарғы формасы болып оның ішкі және сыртқы факторлар жағдайында даму мүмкіндігі табылады. Бұл үшін фирма қаржылық ресурстың икемді құрылымына ие болуы керек және қажет кезінде қарыз құралдарын тарту мүмкіндігі яғни бәсекеге қабілетті болуы керек.

Қорытындылай келе, фирманың қаржылық тұрақтылығына әсер ететін факторларды зерттей келе, ішкі факторлар фирманың жұмысын ұйымдастырылуымен байланысты болса, ал сыртқы факторлар фирманың еркіне бағынышты емес. Сондықтан, егер фирма қаржылық тұрақтылыққа қол жеткізгісі келсе, онда жоғарыда көрсетілген өзіне тәуелді факторларды ескеріп, оларды алдын алып отыруы қажет.

Қолданылған әдебиеттер:

1 Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты».

2 Ефимова О.В. Как анализировать финансовое положение предприятия (практическое пособие). — «Бизнес-школа», Интел-Синтез, 2004. — 250 с.

3 Крейнина, М.Н. Финансовое состояние предприятия. Методы оценки. — М.: ИКЦ «Дис», 2008. — 45 с.

4 Родионова, В.М. Финансовая устойчивость предприятия в условиях инфляции. — М.: Перспектива, 2009. — 62-66 с.

5 К.Ш. Дүйсенбаев. «Кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдау». — Алматы, 2011. — 25-45, 120 б.

6 Савицкая Г.В. «Экономический анализ». — М.: Новое знание, 2005. — 75 с.



Резюме
ИССЛЕДОВАНИЕ ФАКТОРОВ, ВЛИЯЮЩИХ
НА ФИНАНСОВУЮ СТАБИЛЬНОСТЬ ФИРМЫ
И НАПРАВЛЕНИЯ ИХ СТАБИЛЬНОСТИ

Д.О. Оналтаев

к.э.н., ассоциированный профессор
Алматинская академия экономики и статистики
г. Алматы, Казахстан

Н.С. Ахметов

магистрант
Каспийский Общественный университет
г. Алматы, Казахстан

e-mail: mj-fever@mail.ru

К важной характеристике фирмы относится ее финансовая стабильность. В условиях рыночной экономики прогнозирование и поиск путей роста финансовой стабильности фирм является одной из важных проблем. К значительным задачам при оценке финансовой стабильности относится определение ее пределов. Результаты анализа и прогнозирования финансовой стабильности каждой фирмы являются необходимой информацией относительно деятельности фирмы внутренним и внешним пользователям.

Ключевые слова: *финансовая стабильность, факторы, влияющие на финансовую стабильность, внутренние факторы развития финансовой стабильности, внешние факторы развития финансовой стабильности.*

Summary

RESEARCH OF THE FACTORS INFLUENCING FINANCIAL STABILITY
OF FIRM AND THE DIRECTION OF THEIR STABILITY

D.O. Onaltayev

Candidate of Economic Sciences, the associated professor
Almaty academy of economy and statistics
Almaty, Kazakhstan

N.S. Akhmetov

undergraduate
Caspian Public university
Almaty, Kazakhstan

e-mail: mj-fever@mail.ru

Financial stability belongs to the important characteristic of firm. In the conditions of market economy the forecasting and the search of ways of growth of financial stability of firms is one of important problems. Definition of limits belongs to considerable tasks at an assessment of financial stability. Results of the analysis and forecasting of financial stability of each firm are necessary information concerning activity of firm to internal and external users.

Keywords: *the financial stability, factors influencing financial stability, internal factors of development of financial stability, external factors of development of financial stability.*



ЭКОНОМИКА И МЕНЕДЖМЕНТ

УДК 336

ҚАЗАҚСТАНДА ИНДУСТРИЯЛЫҚ – ИННОВАЦИЯНЫ ДАМУ ТУДА МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ ЖӘНЕ РЕТТЕУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

А.О. Базарбаев

э.ғ.к., доцент

Алматы экономика және статистика академиясы

Алматы қ., Қазақстан

e-mail: assyl00@mail.ru

Аңдатпа

Мақалада индустриялық – инновацияны дамуында Қазақстанда мемлекеттік қолдау және реттеу ерекшеліктері қаралған. Автор инновациялық қызметтің тиімділігін талдаудың қажеттілігінің маңыздылығына ерекше көңіл аударады. Инновациялық қызметтің тиімділігін талдаудың қиындығын және көп сатылылығына байланысты өз пікірін келтірген. Жобалауда, әзірлеуде және жаңа техника мен технологияны өндіріске енгізудегі шаралардың экономикалық тиімділігін анықтаудың басты кезеңдерін атап көрсеткен. Республикада соңғы жылдары инновациялық қызметті ынталандыру бойынша жүргізіліудегі шаралардың ерекшеліктеріне жан-жақты талдау жасалған.

Түйінді сөздер: индустриялық – инновацияны дамуы, мемлекеттік қолдау, ғылыми-техникалық прогресті жеделдету, тиімділік түрлері.

Қазіргі таңда елдің әлеуметтік – экономикалық дамуының негізгі міндеті – оның инновациялық жолға қою, жаңа бәсекеқаблетті өнімдерді максималды түрде қолдану болып табылады. Елбасы өзі тікелей индустриалды-инновациялық дамуға өту жолдарын қолға алды. Елдің дамуының инновациялық жолға өтуі инновациялық қызметті күшейтілген түрде белсендіруді талап етеді. Ол, Қазақстанның әлемнің дамыған елдерінен арта қалу тенденциясын өзгертуге мүмкіндік береді. Бірақ-та, экономикалық дағдарыс жағдайында елдің инновациялық дамуы әлемдік деңгейден біршама артта қалуда.

Нарықтық экономика жағдайында инновациялық қызметтің тиімділігін талдау қиындайды және көп сатылығын білдіреді. Талдаудың

бірінші кезегінде – жаңа техниканы және технологияны қолдану қажеттілігін дәстүрлі қорытындылайтын техникалық деңгейдегі жеке көрсеткіштер және жаңа техника мен технологияның тиімділігі анықталады.

Өндірістің технологиялық деңгейінің ең үлкен дәрежесі технологиялық әдістік заттарға технологиялық қарқындылық және технологиялық басқарылатын процестерге, оның бейімделу – ұйымдық деңгейіне әсер етуіне байланысты болады. Жобалауда, әзірлеуде және жаңа техника мен технологияны өндіріске енгізуде бұл шаралардың экономикалық тиімділігін анықтау төрт кезеңнен тұрады:

Бірінші кезең – бұл инновациялық шаралар іске асыру қажетті шығындарды анықтау;



Екінші кезең – бұл қаржыландырудың мүмкін болатын көздерін анықтау;

Үшінші кезең – бұл жаңа техника мен технологияны өндіріске енгізудегі экономикалық тиімділікті бағалау;

Төртінші кезең – бұл экономикалық көрсеткіштерді салыстыру арқылы салыстырмалы жаңалықтардың тиімділігін бағалау.

Жалпы түрде ғылыми-техникалық прогресті жеделдету тиімділіктің бірнеше түрін жасайды: экономикалық, ресурстық, техникалық және әлеуметтік.

Экономикалық нәтижелілік – бұл еңбек өнімділігінің артуы, еңбек және материалдық сыйымдылықтарды төмендету, өнімнің өзіндік құнын төмендету, пайданы өсіру және пайдалылықты одан әрі арттыру.

Ресурстық нәтижелілік – бұл кәсіпорында ресурстарды босатып алу: материалдық, еңбек және қаржы.

Техникалық нәтижелілік – бұл жаңа техника мен технологияны ашу, өнертабыс және оңтайландыру ұсынысы, ноу-хау және басқа да жаңа еңгізілімнің пайда болуы.

Әлеуметтік нәтижелілік – бұл халықтың материалдық және мәдени – тұрмыстық деңгейінің артуы, олардың тауарлар мен қызмет көрсетуде мұқтаждарын қанағаттандыру, еңбек жағдайы және техникалық қауіпсіздігін жақсарту, ауыр қол еңбегінің үлесін төмендету және тағы басқалары.

Қазақстандық экономиканың ең маңызды проблемаларының бірі – технико-технологиялық артта қалушылықпен, және соның салдары ретінде шығарылатын өнімдердің төмен бәсекеабілеттілігімен сипатталатын нақты сектор кәсіпорындарының қазіргі нарық талаптарына әлсіз бейімделуі болып табылады. Аталған жағдайда біршама рөл көптеген мамандардың пікірі бойынша, мемлекетке де қатысты. Мысалы, Қазақстан Республикасын-

да ғылымға бөлінетін қаржы ЖІӨ-нің 0,14 % ғана құрайды. Бұл дамыған мемлекеттермен салыстырғанда 20-25 есе кем. ғылыми дерек бойынша ғылымға мемлекет 1,5 % кем қаржы бөлсе ол мемлекет дамымайды [1]. ғылымға бөлінетін қаражаттардың шектеулігі мен олардың ғылымның көптеген бағыттарына таратылуы жағдайында дамыған елдердегідей инновациялық даму сатылары мен басымды бағыттары бойынша технологиялық алға шығуды мақсатты қамтамасыз ету бойынша бір шама шаралар жүргізілуі қажет.

Республикада соңғы жылдары инновациялық қызметті ынталандыру бойынша әртүрлі шаралар жүргізілуіде. Мәселен, Қазақстан Республикасының 2003-2015 жылдардағы индустриалды – инновациялық дамудың мемлекеттік Бағдарламасының басты ерекшелігі, оның негізгі мемлекетпен жеке сектордың «диктатсыз әріптестік» қағидаты алынғандығында.

Бағдарламаны жүзеге асыруды қамтамасыз ету міндеттерінің ішінде мыналар бар: елдің өңдеуші өнеркәсібіндегі орта жылдық өсу кем дегенде 8,4 процент, ал еңбек өнімділігінің соңғы кезеңінде – кем дегенде 3 есе, ЖІӨ-нің энергия сыйымдылығын екі есеге төмендету. Бұл үшін қаржы институтарында, жеке секторда ішкі және сыртқы нарықтарды сұранысқа ие, бәсекеге қаблетті өнім өндіруге ынталандыратын «кәсіпкерлік» климат жасау қарастырылған. Бұдан басқа ғылымға негізделген және жоғары технологиялық экспортқа бағытталған өнірістер қажет, елдің экспорттық әлеуметін қосылған құны жоғары тауарлар мен қызметтер пайдасына диверсификациялау әлемдік сапа стандартына өту, әлемдік ғылыми – техникалық және инновациялық процестерге қатысу арқылы аймақтық экономика мен әлемдік шаруашылық жүйесіне үйлесу.

Осы аталған шаралардың барлығы орындалған жағдайда Қазақстан



экономикасының жылдық өсуі 9–9,5 пайыз, өндеуші өнеркәсіптің өсуі – ең кемінде 8,4 пайыз, ЖІӨ көлемі 2015 жылы 2000 жылмен салыстырғанда 3,5-3,9 есе өседі деп күтілуде [2].

Алдын-ала есептеулер бойынша, қойылған міндеттерді шешу үшін аталған салаларға, жеке инвестицияларды қосқанда, жылына ең кемінде 1,2 млрд. доллар инвестициялар салыну керек. Мемлекет тарапынан инвестициялар көлемі кемінде 260 млн. доллар болуы керек.

Бұл үшін Даму банкінің қаржыларын, оның кредиттік әлеуетін ұлғайтып, тарату жоспарланған, олар өндірісті қайта жабдықтау және жетілдіруді қамтамасыз ететін инвестициялық жобаларға бағытталады. Бірақ, бұл Бағдарламаны жүзеге асыру оңай іс емес. Әлемдік тәжірибе экономиканың құрылымдық қайта құру 30 жылға созылатынын көрсетеді, және бұл мәселені шешуді бүгін қолға алмаса, болашақта оны шешу әрі қиынға, әрі қымбатқа түседі. Капитал шығындарының тауар бірлігіне шақанда жоғары деңгейі әлі де ғылыми және инновациялық құрастырымдарға толық көлемде қаржыларды таратуға мүмкіндік бермейді. Мысалы, ЖІӨ 1 долларына электроэнергия шығындарының деңгейі бойынша Қазақстан Республикасы индустриалды дамыған елдерден 10 еседен артық артта қалып келеді.

Сонымен қатар, 2010-2014 жылдарға арналған Үдемелі индустриалық – инновациялық даму бағдарламасы ұлттық экономиканы әртараптандыру мен жаңғыртуға, инновация мен шағын және орта бизнесті дамытуға бағытталған. Бұл бағдарламада кәсіпкерлікті қолдану кешенді шаралары қамтылған. Бағдарлама Қазақстанның 2020 жылға дейінгі даму стратегиясының құрамдас бөлігі болып табылады. Бағдарламаны жүзеге асырудың нәтижесінде 2015 жылға қарай біз мы-

нандай нәтижелерге қол жеткізуіміз қажет. Біріншіден – ішкі жалпы өнімді 2008 жылғы деңгейден 50 пайызға өсіруге, екіншіден – өндіруші секторды еңбек өнімділігін 50 пайызға, экономиканың жекелеген секторларында 100 пайызға арттыруға, үшіншіден – шикізаттық емес экспорттың үлесін 40 пайызға дейін жеткізуге, төртіншіден – ішкі жалпы өнімнің энергосыйымдылығын 2008 жылғы деңгейден 10 пайызға төмендетуге, инновациялық кәсіпорындардың үлесін қазіргі қолданыстағыларынан 10 пайызға дейін ұлғайтуға қол жеткізуіміз [3].

Басымды бағыттар шегінде ғылыми зертеулердің 54 бағдарламалары жүзеге асырылуда. Оларды жүзеге асыру үшін бес ғылыми орталық құрылды: АҚШ пен Батыс Еуропаның Ұлттық лабораторияларының аналогтары бойынша құрастырылған химико – техникалық зертеулер Орталығы, физико-математикалық зертеулер Орталығы, астрофизикалық зертеулер Орталығы, биологиялық зертеулер Орталығы. ғылыми бағыттардың координаталары ретінде орталықтардың қызметі, сонымен қатар жетекші ғылыми ұйымдардың патенциялын сақтап қалуға және ары қарай дамытуға пәнаралық өзара әрекеттесуді жүзеге асыруға, материалды және қорлық ресурстарды шоғырландыруға, өніріс пен біліммен ғылымды интеграциялауға бағытталған.

Сонымен қатар, Қазақстанда бәсеке қаблетті нәтижелерге қол жеткізген аяларда шоғырланған, экономиканың базалық салаларын өзекті мәселелерін шешуге бағытталған тақырыптамасы бойынша қолданбалы зертеулердің бір қатар мақсаты бағдарламалары орындалуда.

Инновациялар сферасына мемлекеттік әсер студия мақсаты болып базистік инновацияларды жасап шығару мен зертеулерді өткізуден болатын тәуекелдерді азайтуға, «нарық төмендеуін» болдырма-



уға бағытталған дұрыс жасалған инновациялық саясат табылуы керек.

Болашақта ғаламдық инновациялық сфераны құру мүмкін, ал қазіргі таңда өнеркәсібі дамыған және дамушы елдер арасында технологиялық тосқауылдар бар. Халықаралық бәсекенің күшеюіне, қазіргі технологиялар мен өнертабыстардың қымбаттауы, ары қарай жаңа технологиялар енгізуге және жылытуға қабілетті мамандардың болмауы, сонымен қатар, идеялар сатысында перспективті технологияларды «қайта сатып алумен» байланысты, болашақ ғалымдарды оқу сатысында қайта тартумен байланысты тәсілдер септігін тигізеді. Ақылдылардың және ноу-хаудың елден кетуі өнеркәсібі дамыған елдерді байытуды жалғастыруда және біздің елдеріміздің шикізаттық бағытталуы проблемасын одан сайын ушықтыра түсуде.

Сондықтан да қажетті деңгейдегі ғылыми-технологиялық дамытуды, ғылым мен техника перспективаларын жүйелік болжауды, ҒТП қолжеткізген нәтижелерін жүзеге асыруын қамтамасыз етудегі мемлекеттің рөлі айқын байқалуда.

Нарықтық механизмнің «тұрақсыздығын» болдырмау үшін мемлекет инновациялық саясаттың келесідей бағыттардың қолданылуына болады:

1. Мемлекет үшін маңызды проблемалармен (қауіпсіздік, энергетика, денсаулық сақтау) айналысатын және тегін негізде өз зерттеулерін тұтынушыларға тарататын лабораториялар мен басқа да мекемелерді тікелей бюджеттік қаржыландыру.

2. Мемлекеттік лабораториядан тыс орналасқан (негізінен университеттерде) ғалымдарға фундаменталды ғылыми зерттеулерді өткізуге ақысыз субсидиялар беру. Субсидияларды иемдену зерттеу барысы туралы толық есеп беріп отырады, алынған нәтижелерді жариялап отыруды және т.б. қарастырады.

